



КЕШ ҚҰРСАҚ КӨТЕРУ ҚАУІПТІ МЕ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



БАЙЫРҒЫ ҮНІ БҰЗЫЛМАСЫН

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТЫҢ БІРІ – АЙМАҚТАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ. «ҚУАТТЫ АЙМАҚТАР – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ» ДЕГЕНІМІЗ – ЖАЛАҢ ҰРАН ЕМЕС. БҰЛ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА ҚАЖЕТТІ ЕҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТ. БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА БІРҚАТАР ӨЗГЕРІС ЕНГІЗДІК. СОЛ АРҚЫЛЫ КЕЙБІР ОБЛЫСТЫҢ ДАМУЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІК. МЕНІҢ ТАПСЫРМАМ МЕН АУЫЛ-АЙМАҚТЫ ДАМУЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ. БҰЛ ҚҰЖАТТЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ ЗОР.

№144 (4577) Сейсенбі 5 желтоқсан 2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛ АСПАНЫ АШЫҚ

Шетелдік әуе компаниялары Қазақстанның 13 қаласына шектеусіз ұша алады. Бұл жөнінде ҚР Азаматтық авиация комитеті мәлім етті.

ҚР Көлік министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, әуе көлігінің қолжетімділігі мен дамуы үшін қазақстандық әуе тасымалдар нарығының тартымдылығын арттыру мақсатында «ашық аспан» режимін енгізу туралы шешімге шетелдік әуе компанияларына 5-дәрежелі «әуе еркіндігін» пайдалану құқығын беру арқылы бұрын-соңды қолданыста болған шектеулерді алып тастауға бағытталған өзгерістер енгізді.

Осылайша, шетелдік әуе компаниялары Қазақстанның бірқатар әуежайына әуе кемелерінің типтері мен жиілігіне қарамастан, оның ішінде бағыттар бойынша шектеусіз 5-дәрежелі «әуе еркіндігімен» ұшуларды орындау мүмкіндігіне ие болды.

Бұл өзгерістер әуе билетінің құнын төмендетуге және ұшу аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Ашық аспан» режимі Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Қарағанды, Түркістан, Өскемен, Павлодар, Көкшетау, Тараз, Петропавл, Семей қалаларының әуежайларында қолданылады.

ВОЛОНТЕР – ҚАЙЫРЫМДЫ ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Бүгін – халықаралық волонтерлер күні. Соңғы жылдары елімізде еріктілер қозғалысы қарқынды дамып келеді. Әсіресе, жастардың волонтерлік қызметке қызығушылығы арта түскен. Астана қаласында бүгінгі таңда 50-ге жуық волонтерлік ұйым жұмыс істейді.

5



«QYSQY JUGIRU» ЖАРЫСЫНА ТІРКЕЛІҢІЗ

Астанада 24 желтоқсан күні Триатлон саябағында өтетін дәстүрлі «Qysqy jugiru» жарысына тіркелу басталды.

Жарыстың негізгі қашықтығы – 10 шақырым. Осы қашықтықты еңсеруге ниет білдіруші ерлер мен әйелдер арасында: 18-29 жас, 30-39 жас, 40-49 жас, 50-59 жас, 60 жас және одан жоғары санаттар бойынша жарыстар ұйымдастырылады. Мәреге жеткен әрбір қатысушы финишорлық медальмен, әр жас санаттағы жеңімпаздар сертификаттармен марапатталады.

Старттық пакеттер Б.Момышұлы даңғылы, 26, №1 кеңседе беріледі.

Қатысушыларды тіркеу astanatriathlon.kz сайтында жүргізіледі.

«Қазгидрометтің» мәліметі бойынша алдағы үш күнде, яғни 5-7 желтоқсан аралығында республика бойынша ауа температурасының күрт төмендеуі күтіледі.

Атап айтқанда, 5 желтоқсанда – республиканың солтүстік батыс өңірлерінде жауын-шашын жаңбыр мен қар түрінде болады.

6 желтоқсанда еліміздің солтүстігінде қалың қар жауады, көктайғақ, бұрқасын күтіледі, тек республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында жауын-шашынсыз ауа райы күтіледі.

7 желтоқсанда республиканың солтүстік аумағында 25-33 градусқа дейін аяз болады деп болжанады.

-33°

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫП

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.86 \$ USD/KZT 463.09 ₸ RUB/KZT 5.21 ¥ CNY/KZT 64.73

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ДАҒДАРЫСТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ШЕШЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруіне қатысты БҰҰ-ның Дубайдағы конференциясы аясындағы Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте сөз сөйледі. Қазақстан Президенті бүгінде жер шарындағы халықтың тең жартысы климаттың өзгеруі жоғары дәрежеде әсер ететін өңірлерде өмір сүріп жатқанын атап өтті.

«Шағын аралдардағы мемлекеттерге, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы және дамуы кенжелеп қалған елдерге зор қауіп төніп тұр. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық және энергетикалық қауіпсіздіктің болмауы климат мәселесіне назар аударуды қиындатып отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтауға бағытталған нақты іс-шаралар қабылдау жөніндегі БҰҰ-ның үндеуін қолдайтынын, сондай-ақ Париж келісімін ратификациялаған аймақтағы бірінші ел екенін және 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдағанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстанның жаңа Экология кодексі ұлттық экономикамыздың әрбір секторында «жасыл» технологияларды кеңінен қолдануға ықпал етеді.

«Елімізде жел мен күн энергиясын пайдалану, сондай-ақ «жасыл» сутегін өндіру үшін зор әлеует бар. Біз осы мүмкіндікті пайдалану мақсатында серіктестерімізбен арадағы тығыз ынтымақтастықты жалғастырамыз. Қазақстан – уран экспорттайтын әлемдегі жетекші мемлекет. Бұл ретте еліміз дүниежүзі бойынша уранның 43 пайыз тасымалын қамтамасыз етеді. Біз жаһандық деңгейде электр энергиясын көміртегі қалдықтарынсыз өндіру ісінде шешуші рөл атқарамыз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, алдағы онжылдықта аса маңызды минералдар, соның ішінде сирек кездесетін минералдар, шын мәнінде, әлемді декарбонизациялау деңгейі бойынша баға жетпес ресурсқа айналады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы өтпелі кезеңде Қазақстан аталған минералдардың негізгі жеткізушісі болуға дайын екенін мәлімдеді. Сондай-ақ еліміз жекелеген «жасыл» бастамаларды белсенді түрде қолдайтынын атап өтіп,

пластикалық қалдықтардан құтылу жөніндегі жобаларды жүзеге асыратын Қазақстан пластик қауымдастығын мысалға келтірді. Бұл кәсіпорын осылайша экологияны қорғауға өз үлесін қосып отыр. Президент метан қалдықтарын азайту жаһандық жылыну қарқынын бәсеңдететін ең жылдам тәсіл екенін еске салды. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев Метан қалдықтарын азайту жөніндегі жаһандық міндеттемеге қосылуға қатысты еліміздің шешімі туралы айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның аймақтағы көмір проблемасын Әділетті энергетикалық жүйеге көшу жөніндегі серіктестік бағдарламасын (JETP) іске асыру арқылы шешуге ұмтылыс жасап отырғанын атап өтіп, елімізге қолдау көрсетуге шақырды. «Кеңірек айтқанда, халықаралық қоғамдастық климат бағытындағы бағдарламаларға бөлінетін қаржы көлемін ұлғайтуға қатысты өз міндеттемелерін күшейтеді деп үміттенеміз. Бірақ қаржыландыру – тек кедергілердің басы ғана. 2050 жылға қарай жаһандық температураның 1,5 градусқа дейін көтерілуін Орталық Азия елдері бәрібір температураның 2,5 градусқа дейін жоғарылау мәселесімен бетпе-бет келеді. Бұл су тапшылығына, қатты ыстыққа, шөлге және экстремалды гидрологиялық құбылыстарға әкеп соқтырады» деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік қоғамдастықты Халықаралық Арал теңізінің құтқару қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырды. «Қазақстан келесі жылы Қорға төрағалық етеді және осы мәселені шешу үшін барлық серіктесті жұмылдыруға үміттенеді. Бұдан бөлек, БҰҰ Бас Ассамблеясының келесі сессиясы шеңберінде «Біртұтас су» атты бірінші тақырыптық саммит өтеді. Біз Франциямен бірге аталған жиынға тең төраға болатынымызға

қуаныштымыз. Биылғы COP28 саммитінің табысты өткенін ескере отырып, барлық қатысушы мемлекетті 2024 жылдың маусым айында ұйымдастырылатын Астана халықаралық форумына қатысуға шақырамын. Форум климатқа қатысты осы өткір мәселелер бойынша мақсатты ынтымақтастықты COP29-ға дейін жалғастыру үшін диалог алаңы бола алады. Орталық Азиядағы климатқа қатысты іс-қимылдарға тың серіпін беру мақсатында біз БҰҰ аясында 2026 жылы Қазақстанда Өңірлік климаттық саммит өткізуге шешім қабылдадық» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, климат жөніндегі төтенше жағдай жаһандық дағдарыс екенін, оның әлемдік деңгейдегі жауапкершілікті талап ететінін айтты. Президенттің пікірінше, ұжымдық іс-әрекет пен ынтымақтастықтың арқасында ғана климаттық дағдарыс проблемасын шешуге болады. Сонымен қатар саммитте 40-тан астам мемлекеттің басшылары, халықаралық және аймақтық ұйымдардың жетекшілері сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дубайдағы Климат жөніндегі дүниежүзілік саммит (COP28) аясында Қазақстанның және басқа да елдердің мемлекеттік органдары мен бизнес-құрылымдары арасындағы бірқатар келісімге қол қою рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысының қатысуымен 10 құжатқа қол қойылды. Олардың арасында Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы жел электр станциясын (1 ГВт) салу жобасын жүзеге асыру туралы Үкіметаралық келісім; «Самұрық-Қазына» АҚ мен Presight.AI компаниясы арасындағы цифрландыру және ақпараттық технология саласындағы жобаларды іске асыру үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы келісім және тағы басқалар бар.

МИНИСТРГЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады. Кездесу барысында Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған жұмыстарының қорытындысы және әскердің жауынгерлік дайындығына қатысты жаңа тәсілдер, оқу базасы мен полигондардың жай-күйі туралы баяндалды.

Сонымен қатар мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау мәселесіне, ұшқышсыз ұшатын ұшақ кешендерін, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қару-жарағын, жаңғыртылған бронды техника мен байланыс құралдарын қоса алғанда, авиациялық техниканың жаңа үлгілерімен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Бұдан бөлек, Президентке азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру барысы, әскери қызметшілердің мәртебесі мен оларға берілетін ақшалай қаражатты арттыруға бағытталған шаралар туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында жүзеге асырылатын миссияларға қатысу үшін қазақстандық бітімгерлік контин-

генттің әлеуетін арттыру қажет екенін атап өтті. Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрге отандық қорғаныс бағытындағы кәсіпорындармен ықпалдастық жасау, аумақтық қорғанысты және арнайы операцияларға қатысатын күштерді дамыту, әскери-патриоттық жұмысты күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктеді.



ЗОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ОРТАҚ ІС-ҚИМЫЛ

Астанада «Өңірдегі гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл: тиімді және орнықты бірлескен шешімдерді іздеу жолдары» деген тақырыппен БҰҰ-ның қолдауымен халықаралық конференция өтті. Осы жиында Қазақстанның Орталық Азия елдерінің әйелдер диалогындағы төрағалығы аяқталып, 2023 жылғы жұмыстардың қорытындысы жасалды.

Конференцияда сөз сөйлеген Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов елімізде әйелдерге зорлық-зомбылық жасаудың алдын алу бағытында қандай іс-шаралар қабылданып жатқаны туралы кеңінен ақпарат берді. «Бір жыл ішінде жемісті жұмыс істелді. Жоғары трибуналардан инновациялар мен технологияларды дамытудың, жаһандық аспектідегі бейбітшілік пен қауіпсіздіктің, климаттың өзгеруінің, терроризм мен экстремизмге қарсы күрестегі әйелдер мен жастардың рөлінің өзекті мәселелері көтерілді. Бұл – өте маңызды тақырыптар. Бүгінгі күн тәртібінде ешкімді бейжай қалдыра алмайтын маңызды мәселе – гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы тұру» деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасы гендерлік зорлық-зомбылық ауқымды сипатқа ие екеніне тоқталды. «Бұл – бүкіл әлемдегі жаһандық проблемалардың бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, әлемдегі әрбір үшінші әйел физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа тап болған. Осы қоғам дертін күресу үшін әлемнің 155 елінде тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңдар қабылдады» деді ол. Қазақстанда соңғы жылдары отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес аясында жазалар үнемі қатандатылуда. «Бүгін біз, заң шығарушылар, одан әрі қарай жүрдік. Депутаттар осы саладағы заңнамалық новеллалардың жаңа пакетін әзірлеуге кірісті. Біріншіден, біз тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қылмыстық жауапкершілікке тартуды жоспарлап отырмыз» деп сөзін түйіндеді Мәжіліс спикері.

Басқосуда баяндама жасаған Сенат депутаты Бибігүл Жексенбай Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтті. «Парламенттегі әйелдер өкілдігінде тұрақты ілгерілеушілік бар. Бүгінде депутаттардың 30



пайызы – әйелдер. Бұл әйелдердің құқығын қорғайтын заңнамасын барынша күшейтуге зор мүмкіндік деп ойлаймын. Ендеше осы күшейтіліп жатқан барлық заңнамалық базаны жергілікті жерлерде орындалуын қадағалау да – негізгі міндет. Сенат депутаттары да бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде. «Өңір» депутаттық тобы және жергілікті мәслихаттармен жұмыстар жеткілікті деңгейде жасалып жатыр. Яғни, бұл жұмыс елдің кез келген тармақтарында, барлық деңгейде атқарылуы тиіс. Егемендік жылдары Үкіметте үш-ақ әйел министр болса, елде бірде-бір әйел облыс әкімі жоқ. Қазақстандағы әйелдер ешқашан қызметтерін атқармаған, құқық қорғау органдарында басшылық қызметтерде болмаған. Бұл мәселе де адамды қынжылтады. Бұл да гендерлік мәселелерді, айтылып жатқан зорлық-зомбылық мәселелерін шұғыл және парменді шешуге әсер етпей қоймайды» деді ол.

Сенатор әйелдердің құқықтарын қорғауда БАҚ-тардың рөліне қатысты ұтымды ұсыныс айтты. «Бүгінгі таңда әйелдердің құқықтарын қорғау бағытында еліміздің жалпы ұлттық дәстүрлерді пайдалана отырып, отбасы институттарын күшейте отырып, рухани алаң жасау міндеті тұр. Бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы аса

жоғары. БАҚ-та осы гендерлік мәселелерді, зорлық-зомбылықтың алдын алуды кеңінен насихаттау да үлкен рөл атқарады. Әйелдердің рөлін күшейту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, тұрақты жұмыс істейтін диалог тек саяси емес, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани алаңын ұйымдастырудың аса маңызды деп ойлаймын» деді ол.

Өзбекстанның Олий Мәжілісі Сенатының төрағасы Т.Нарбаева гендерлік зорлық-зомбылықпен күрестегі өзбекстанның тәжірибесімен бөлісті. Биыл онда әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтіліп, тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнама қайта қаралған. Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылықты заңнамалық деңгейде қылмыс деп таныған бірінші ел Қырғызстан болды. Бұл туралы Қырғызстанның Жогорку Кенеш төрағасының орынбасары Ж.Исаева айтты.

Талқылауға Қазақстан және Өзбекстан парламенттерінің спикерлері, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелері, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан парламентшілері, мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпусының өкілдері қатысты. Орталық Азия елдерінің әйелдер диалогына төрағалық Қырғыз Республикасына өтті.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

АНАЛАР ФОРУМЫ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Астана қаласының Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік филармония залында «Ақылды қария – ағынды дария» атты қалалық бірінші аналар форумы өтті.



кимешекті – киелім» аналар жобасы осыдан бір жыл бұрын ұрпақ тәрбиесін ұлықтай отырып, аузы дуалы ақсақалдар мен көпті көрген көнеқаздердің даналығы арқылы жалғастыру мақсатында басталған екен.

– Қазіргі таңда бала тәрбиесі – басты проблема. Қазақтың салт-дәстүрін күнделікті тұрмысымызда насихаттау мақсатымен әр өңірден жиналған 100-ге жуық апаның басын қосып, былтыр осы жобаны бастаған болатынбыз. Олардың көбі – кезінде ұстаздық еткен ұлағатты жандар. Бір жыл ішінде біраз жұмыс атқарылды. 12 әжейден құрылған

хорымыз, бес-алты қолөнершіміз бар. Мәселен, Айдынгүл апаймыз жұбайы қолдан жасап берген шағын аспаппен кілем тоқуды дәріптесе, Тұрар апаймыз бисермен әшекей бұйымдар жасайды. Жарық көрген жаңа кітаптардың авторы да – апалардың өздері, – деді Арайлым Рахымқызы.

Сенатор Амангелді Рабдылқарімұлы бүгінде ең өзекті мәселелердің бірі саналатын бала тәрбиесіне барынша назар аударылып отырғанын атап өтті.

– Еліміздегі ұрпақ тәрбиесіне Мемлекет басшысы да ерекше көңіл бөліп келеді. Зере әжеміздің тәрбиесін алған

Абай секілді, қазіргі жас буынға қариялардың қазақы тәлім-тәрбиесі керек-ақ, «Қарты бар ел – қазыналы ел». Біздің кез келген бастамамызды қолдап отыратын баталы қарттарымыз аман болсын. Белсенді әжелеріміз келешекте білім ордаларымен байланысты жалғастырады деген сенімдемін. Кимешекті аналардың ұрпақ тәрбиесіндегі ауыр да абыройлы ісіне сәттілік тілеймін, – деді депутат.

Бүгінгідей жаһандық даму дәуірінде жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықты сіңіру оңай емес. Бұл ретте жиынға қатысушылар тарихымызға үңіліп, салт-дәстүрімізді сақтап, қанымызға сіңген қазақы тәрбиеден аластамауды алға тартты. Өйткені өкінішке қарай, қазір ертегі айтатын әжелер, ақылы дария ақсақалдар мен сөзі семсер қариялар азайып бара жатыр. Бұл туралы Камал ағаның айтары аз емес екен.

– Осыдан үш күн бұрын форумда сөйлейтін сөзімді реттеп, ойластырып қойып едім. Бірақ, кешегі әлеуметтік желіде жарияланған Қазыбек Исаның бір ғана жазбасы неше күнгі жинақтап, сараптап айтсам деген ойымды ысырып, басқа бір ойды бірінші орынға шығарды. Әр сөзіне жауап беретін Парламент депутаты бұлай деді: «Бүгінгі қарттар үйіндегі ақсақалдардың 99 пайызының балалары немесе келіндері орысша оқыған, бәлкім, келіндері басқа ұлттың өкілдері». Қатты ойланyp қалдым. Себебі қарттардың өздері одан кейін ролик жіберді. Олардың көбі орыс тілінде сөйледі. Демек, өздері орысша

тәрбиеленген. Сонда бұлар кімге ренжіп отыр? «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді». Сабақтастық деген – осы. Апаның кимешегін көрмеген, көйлегінің етегіне оралып өспеген балалар пайда болды. Біз – аталарымыздың саптама етігіне басымызды қойып ер жеткен ұрпақпыз. Сондықтан ұлттық идеологиямыздың басында ұлттық мүдде тұруы керек. Мен мына ақ кимешек киген аналарды көргенде риза боламын. Олар немере-шөберелерінің тәрбиесімен айналысып, солармен бірге жасарып жүр. Салт-дәстүрге қанығып өскен ұрпақ қана өзінің жарқын болашағына қол жеткізіп, қуатты елдердің қатарына қосыла алады. Ұрпақ тәрбиесі тек әке мен ананың ғана емес, ата мен әженің мойнында болса, бесіміз тез түзеледі, – деді Камал Әбдірахман.

Қолөнерші Тұрсын Гибратқызы форумға өзі жасаған әшекей бұйымдарын ала келіпті.

– Қазақ қызды сұлулықтың символы деп қадір тұтқан. Ауылысын көздің қарашығындай сақтаған. Сол дәстүрді жалғастыра отырып, аналар мен аруларды тіл-көзден, пәле-жәледен сақтасын деген ниетпен әрқайсысын ізгі тілекпен «біссмілләмды» айта отырып, моншақ, қымбат тастардан тігіп жасаймын. Бұл – оңай жұмыс емес, аса шыдамдылықты, төзімділікті талап етеді. Қыздарының бойына осындай қасиеттерді қайтару мақсатымен бүгінгі бойжеткендер мен мектеп жасындағы жеткіншектерді осы өнерге баулып келеміз, – деді апа.

Осылайша, жиынға қатысушылардың әрқайсысы ұрпақ тәрбиесіне өзінше үлес қосуда. Жоба авторы алдағы уақытта мектептермен байланысты нығайтып, телеарналарда бірнеше жоба дайындап жатқанын, қысқасы, отбасындағы әкенің ролін арттырып, қыздарға балабақша, мектеп жасынан салт-дәстүр негізінде тәрбие беруді жалғастыратынын жеткізді.

ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Елорда әкімдігі 2019 жылдың күзінен бастап газ тарату желілерін салу жұмыстарының нәтижесінде осы күнге дейін 12 мың үйге көгілдір отын желісін тартты. Газдандыру ауқымы шамамен 65 пайызды құрайды.



Оның ішінде 10 мың жеке үй газға қосылған. Пригородный, Ильинка, Family Village, Өндіріс және Кирпичный тұрғын алаптарына газ құбырын тарту жұмыстары аяқталды. Атқарылған жұмыстар ауқымы және алдағы жоспар туралы Астана қалалық отын-энергетикалық кешені және

коммуналдық шаруашылық басқармасы отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов жария етті.

– Ауданы шамамен 130 шаршы метр үйді газға қосу құны 800-900 мың теңгені құрайды. Баға – Орал, Алматы, Шымкент те бірдей.

Яғни Астанада 350 мың теңге тұратын қазандықтың құны басқа өңірлерде де солай болады. Өз кезегінде елорда әкімдігі халықтың әлеуметтік осал топтарын субсидиялау бағдарламаларын ұсынады. Мұндай санаттағы азаматтарға жабдықты орнатуға 470 мың теңге көлемінде өтемақы

төленеді. Сондай-ақ әкімдік бағасы 120 мың теңгеден 150 мың теңгеге дейінгі газды есепке алу құрылғыларын тегін береді. Екінші деңгейдегі банктер де халықтың әлеуметтік осал топтарына жан-жақты қолдау көрсетеді. Мысалы, қазақстандық банктердің бірі газбен жылытуды орнатуға көмек ретінде бір жарым жыл мерзімге 550 мың теңгеге дейін пайызсыз несие береді, – деді спикер.

Табиғи газды үйді жылыту мен қатар тамақ дайындау үшін де қолданады. Бұл газ баллондарының жарылу қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Бастысы, қыс мезгілінде қала түтінге тұншығуды тоқтатады. Газ тарату желілері арқылы қала тұрғындарына жеткізілетін табиғи газ жеке тұтынушылардың өмірін сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді, – деді Астана қалалық отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов.

Жеке үйлердің басым бөлігі газға көшкендіктен, елордада көмірді пайдалану көлемі жылына 500 мың тоннадан 350 мың тоннаға дейін төмендеген.

Халықаралық волонтерлер күніне орай елордада белсенді әрі ұзақ уақыт жұмыс істеп келе жатқан 41 ұйым мен ерікті топтар марапатталды.

ВОЛОНТЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Іс-шараны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесе ұйымдастырды.

Волонтерлік ұйымдар арасында экологиялық, әлеуметтік, төтенше жағдай, инклюзивті, қоғамдық тәртіп және медицина саласына қатысы бар ұжымдар болды. Атап айтсақ, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеумен айналысатын «Астана еріктілері LIDER.KZ» ҚБ, жалғызбасты қарттар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, жалғызбасты аналарға атаулы әлеуметтік көмек көрсететін «Клуб Добряков» клубы қайырымдылық негізде киім, аяқ киім жинайтын әлеуметтік дүкенді жүргізетін «LikeKomek» ЖШС, автоволонтер ретінде көмек көрсететін «Skoda club Astana»

автоклубы, иесіз үй жануарларына көмек көрсететін «New.life.astana» приюти, балалар үйінде тренингтер, шеберлік сабақтары, турнирлер өткізумен, аз қамтылған отбасылардан шыққан және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытумен айналысатын «MikaSun» бастамашыл еріктілер тобы және т.б. ұйымдар қатысты.

«Ерекше қажеттілігі бар адамдарға және егде жастағы жандарға тегін ыстық тамақ таратумен айналысамыз. Азық-түлік себеттерін де беріп, тұрмыстық заттарды жеткізуге көмектесеміз. Сондай-ақ киім қоймасы бар, онда азаматтар қалаған нәрсесін ала алады» деді «Истоки добра Астана» қоғамдық қорының үйлестірушісі Динара Насибулина.

Бүгінгі таңда Астанада «Ерікті болу оңай» ұранымен қысқы апталық аясында волонтерлер белсенділігі апталығы өтіп жатыр.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 14 желтоқсанда сағат 10.00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласында тұрғын үй алаптарын дамытудың кешенді жоспарларын орындау туралы.
2. Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджетінің жобасы туралы.
3. «2021-2025 жылдарға арналған

Астана қаласын дамыту жоспары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 129/18-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

5. Астана қаласында қандас мәртебесін беру немесе ұзарту жөнінде комиссия құрамы туралы.

6. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдері жойылды деп тану туралы.

7. Астана қаласы мәслихатының 2024 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.

8. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

9. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қарауға енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

**Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.





ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Елордада өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жедел алдын алу іс-шарасы өткізілді.

Қалалық төтенше жағдайлар департаменті мен полиция департаменті бірлесіп өткізген арнаулы тексеру жұмысына «Аманат» партиясының «Жастар рухы» қанатының еріктілері де қатысты. Олар 4 топқа бөлініп Алматы ауданындағы қонақ үйлердің, жатақханалардың өрт қауіпсіздігін, тосын жағдайларға төтеп беру дайындықтарын тексерді.

Тексеру барысында өрт қауіпсіздігіне немқұрайды қараған кәсіпкерлерге ескерту жасалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өрттен сақтану жайлы жадынамалар таратылды, тосын жағдайлардың алдын алу шаралары түсіндірілді.

Астанада өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізіліп келеді. Биыл тамыз айынан бері өрт қауіпсіздігін сақтау қызметкерлері 31 мыңнан астам тұрғын үйді аралап, тілсіз жаудың алдын алуға қатысты сауаттық білімдерді түсіндірген. «Биыл жыл басынан бері Астанада 549 өрт кету уақиғасы тіркелді. Өткен жылдармен салыстырғанда өрт кету уақиғалары азайғаны байқалады. Дегенмен тұрғындар да, кәсіпкерлер де барлық қауіпсіздік ережелерін сақтауы, адамдардың өмірі мен денсаулығына ештеңе қауіп төндірмеуі керек. Биыл бас қаламыздағы тұрғын үй аумақтарында болған 223 өрттен 12 адам қаза тауып, 27 адам жараланған, 38 адам асы-түтектен зардап шеккен. Сондықтан жатақханалар, шағын қонақ үйлер болсын, ең алдымен, өрт қауіпсіздігін сақтауға ерекше көңіл бөлуі керек. Өрт бола қалған жағдайда белгі беретін дабыл жүйесінің болуы айырықша маңызды, – деді Астана қаласы төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы

Мадияр Айдосұлы Мырзақелдиев.

Рейд барысында Алматы ауданындағы 20 шағын қонақ үйге тексеру жүргізілді. Төтенше жағдайлар департаментінің дерегі бойынша, бүгінгі таңда Астана қаласы бойынша ресми түрде 229 қонақ үй мен 80 хостел жұмыс істейді. Қалалық төтенше жағдайлар департаменті мен полиция департаменті алдағы уақытта осы орындарда өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Аула аралау кезінде полиция өкілдері мен төтенше жағдай қызметінің мамандары жатақхана және басқа да коммерциялық қызмет үшін пайдаланылатын тұрғын үйлерге ерекше назар аударды.

Сонымен бірге, ТЖ мамандары 15 тамыздан бастап, әлеуметтік осал топтардың тұрғын үйлерін аралап, профилактикалық жұмыс жүргізіп жатыр. Мамандардың

айтуынша, жылыту маусымы басталудан бұрын пешті тексеріп, жөндеп, мұржа жолдарын тазарту қажет. Сондай-ақ олар жылыту кезеңін қауіпсіз өткізуге мүмкіндік беретін төмендегі ұсыныстарды көпшілік назарына ұсынып отыр.

– Мұржаларды және пештерді күйеден тазарту, сондай-ақ жылыту маусымы кезінде оны кемінде үш айда бір рет тазалау қажет;

– электр сымдарына тексеру жүргізу, тозған және уақытша схема бойынша тартылған электр сымдарын ауыстыру жөнінде шаралар қабылдау;

– электр желілерін шамадан тыс жүктемеңіз, жылыту үшін қолдан жасалған стандартты емес электр жылыту құралдарын пайдаланбаңыз;

– пештерді теспеңіз, жанғыш материалдарды, жуылған киім-кешекті жанып жатқан пештің үстіне келтірмеңіз;

– пештегі от алдын 50x70 см көлеміндегі металл табақпен жабықтау;

– пештің жанатын конструкциялардан өртке қарсы шегінісі кемінде 26 см болуы тиіс;

– түтін мұржасының ішкі қабырғасынан кемінде 50 см өртке қарсы қашықтық болуы керек;

– су қосылған пештерді қараусыз қалдырмаңыз;

– пеш жаққанда жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдануға болмайды.

Алайда тексеру барысында заң бұзушылықтар анықталғанмен, оған тексерушілер айыппұл салып, қатаң шара қолдана алмайды. Өйткені 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылауды барып жүргізуді тоқтатсын деп анық белгіленген. Кейбір кәсіпкерлер осы мораторий кезеңінде әртүрлі қауіпсіздік қызметтеріне көңіл бөлу жағынан босаңси бастағаны байқалады.



ҚҰТҚАРУШЫЛАР РЕЙД ЖҮРГІЗДІ

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде оқыс оқиғалардың алдын алу туралы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Азамат Жүмекешов брифинг өткізді.

Мұз қату кезеңінде су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында департамент қызметкерлері аса қауіпті учаскелерде 290 рейд жүргізді. Тұрғындарға мұз үстінде қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша 8 мыңнан астам үгіт материалдары таратылды.

Полиция департаментімен бірлесіп, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Елорда тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін департамент қызметкерлері әкімдікпен бірлесіп, «Абайлаңыз, жұқа мұз» және «Мұзға шығуға тыйым салынады» деген 100-ден астам тыйым салу және ескерту

белгілерін орнатты. Бұл бағыттағы жеке жұмыс балалармен де жүргізіледі. Департамент қызметкерлері мектептерге барып, балаларға қажетті дағдыларды үйрете отырып, түрлі сабақтар өткізеді.

– Астанада күзгі-қысқы кезеңде су айдынында адам өлімі тіркелген жоқ. Бір құтқару оқиғасы тіркелді, онда жасөспірім суға түсіп кеткен. Оқиға 27 қарашада болды. 17 сағат 29-да 112 пультіне Амман көшесіндегі Ақбұлақ өзеніне адамның суға батып бара жатқаны туралы хабарлама келіп түсті. Батып бара жатқан жасөспірімді құтқарушылар келгенге дейін сол жерде өтіп бара жатқан ер адам құтқарды. Ол – 2006 жылғы

бала. Ер адам жасөспірімді судан жағаға шығарып, оны жедел жәрдем бригадасына берді, оған алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Құтқарылған бала №2 қалалық балалар ауруханасы дәрігерлерінің бақылауында. Жасөспірім құтқарылды, бірақ кейде мұндай жағдай қайғылы жағдайға айналуы мүмкін, – дейді А.Жүмекешов.

Бүгінде мұздың қалыңдығы – 2 см, бірақ кейбір жерлерде мұз жоқ, бұл мұзда балық аулау қауіпті екенін білдіреді.

Айта кету керек, мұздағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтау жазатайым оқиғалардан сақтай алады.



ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Өрт қауіпсіздігін сақтау үшін пәтерлер мен тұрғын бөлмелерде:

- жанғыш заттар, жеңіл тұтанғыш заттар және газ баллондарды балкондарда және лоджияларда сақтауға;
- төсекте және арнайы темекі шегуге әзірленбеген жерлерде темекі шегуге;
- екі қабаттан жоғары үйлерде газ баллондарын қолдануға;
- балкондар мен лоджиялардан темекі тұқылын лақтыруға;
- әзірленіп жатқан асты газ немесе тоқ плитасында қараусыз қалдыруға және тұрмыстық электр құрылғыларын (теледидар, үтік, шәйнек, шаш кептіру құрылғысы және т.с.с.) тоққа қосылған күйінде қалдыруға;
- балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Ең бірінші әрі міндетті ережені есте сақтаңыз: пәтерде түтіннің әлсіз иісі келген кездің өзінде, ашық жалынның өзін айтпағанда, «101» немесе «112»-ге қоңырау шалу керек.

Өртті өз күшімен сөндіру көп жағдайларда нәтижесіз болады да уақытты жоғалтуға себеп болады және ол өрттің едәуір өршіп таралуына әкеліп соғады.

Өрт сөндіру қызметіне хабарласқаннан кейін, ересектер мен балаларды, қарттар мен сырқат адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, жақын пәтерлердегі көршілеріңізді хабардар етіңіз. Пәтердегі немесе саты алаңындағы электр қалқанын қолданып, электр көзін өшіріңіз. Ас бөлмесіндегі газ келетін жүйені жабыңыз. Егер сіздің үйіңіз түтін шығару жүйесімен қамтамасыз етілген болса, оны іске қосыңыз. Өрт сөндірушілердің келуін күтпей өртті қолда бар құралдармен – шелектегі сумен, өрт сөндіру құралымен, дымқыл тығыз матамен және басқа да заттармен сөндіруге кірісіңіз.

Өрт – әрдайым алапат, ауыртпалық, бақытсыздық. Соған қарамастан, көпшілік адамдар өрт кезіндегі қарапайым ережелерді білмейді. Бала күннен белгілі – «101-ге қоңырау шалу»-дың өзін үрей, байбалам кезінде естен шығарып, ұмытып кетіп жатады. Өрт оқиғасы орын алғанда ең басты ереже – ешқашан үрейленіп, байбалам күйге түспеу керек.

ТЖ Департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасы

Дайындаған Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ҚҰЛДЫРАМАСЫН

Отбасын сақтауда өз халқының тарихын, ұлттық-мәдени тамырын, салт-дәстүрін білу маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік бірлікті құруға дайындықпен келу керек, отбасылық құндылықтарды сақтау рухында тәрбиеленген болып келу керек, сонда ажырасудың «масштабтан тыс» статистикасы болмайды және туу көрсеткіші төмендемейді. Толық емес отбасылар мен жетім балалардың саны да азаяды.

2023 жылы еліміз бойынша 90,3 мың неке тіркелген, 12,4 мың жұп ажырасқан. АХАЖ мәліметтері бойынша, ажырасуға негіз болатын себептердің арасында бұрынғы ерлі-зайыптылар «мінез-құлықтың үйлесімсіздігін» көрсетеді. Бұл жалпы айтылған сөз кез келген нәрсені жасыра алады – күнделікті және материалдық келіспеушіліктер, бала тәрбиесіне қатысты әрқилы көзқарастар, ымыраға келе алмау, бала жоқтық... Екінші орында ерлі-зайыптылардың бірінің тәуелділігінің әртүрлі түрлері: маскүнемдік, нашақорлық, ойынға тәуелділік және т.б.



Қазақтар үшін отбасы қашанда басты орынға ие болған. Қазақ халқы үшін туыстық байланыс олардың отбасылық өміріндегі ерекше құрамдас бөлік болып табылады. Кез келген адам біреуге туыс – ұлы немесе қызы, ағасы немесе әпкесі, күйеуі немесе әйелі, әкесі немесе анасы, т.б. Бірде-бір нағыз қазақ өзінің өмірін туыстарымен араласпай елестете алмайды. Туыстық байланыстарға мұндай үлкен мән берілген басқа ұлтты табу қиын. Отбасылық дәстүрлер қазақ халқының ғасырлар бойы аман қалуына және біртұтас ұлттық бірлік ретінде сақталуына мүмкіндік берді.

Қазақ отбасы ішінде де, жалпы адамдар арасындағы қарым-қатынаста да өзара қарым-қатынастың жалпы негізгі қағидаты – «үлкен-кіші» қағидаты. Бұл қазақтарда адам тәрбиесінің негізі деп айтуға болады. Сізден үлкен кез келген адамға құрметпен қарау керек, ал ол өз кезегінде сіздің құрметіңізге сенуге құқылы.

Қазақ халқы болашақ үшін, өскелең ұрпақтың өмір сүруі үшін туыстары арасында өзара жауапкершілік жүйесін ақылмен әзірледі. Ешбір бала тағдырдың жазуымен көшеде қалмауы керек еді. Егер баланың ата-анасы қайтыс болса, оны жақын туыстары алады. Егер отбасы басшысы қайтыс болса, онда оның әйелі мен балаларын қайтыс болған адамның ағасы немесе жақын туысы алады. Аманат ғұрпының мақсаты – осы тұқымның ұрпақтарын туған отбасында сақтау.

Отбасын құру үшін жастардың 7 ұрпаққа дейін туыс болмауы маңызды болды. Бұл әдет-ғұрып физикалық және психикалық сау ұрпақтың дүниеге келуіне және ұрпақтың жалғасуына кепілдік береді. Неке ережелеріне сәйкес, әйел күйеуінен 8 жастан үлкен болмауы керек, ал ер адам әйелден 25 жастан асқан болуы керек. Мұның тікелей психологиялық түсіндірмесі бар: үлкен жас айырмашылығы бар ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас отбасылық қатынастардың көптеген аспектілері бойынша сәйкессіздікке және шиеленіске әкелуі мүмкін: әртүрлі артықшылықтар, отбасылық рөлдер, құндылықтар және отбасылық өмір салты туралы идеялар.

Осылайша, қазақ елі қанша ғажайып және дана дәстүрді сақтап қалды.

Назерке ДЕМЕУБЕКҚЫЗЫ,
Астана қаласы техникалық
колледжінің педагог-психологы



Отбасылық құндылықтың бір маңызы – ана мен бала денсаулығы десек артық айтқанымыз емес. Жақсылықтың ерте-кеші жоқ дейтін халқымыз, адам баласының басында болатын игіліктерге дер кезінде қол жеткізбегендерге «ерте туып кеш қалған» деп те айтады. Біз сөз еткелі отырған тақырыптың осы даналыққа тікелей қатысы бар. Сәбилі болу, перзент сүю – ата-ана үшін ешқашан ерте-кеші жоқ қуаныш. Алайда соңғы кездері осы қуанышты әдейілеп кешіктіру үрдісі қалыптаса бастады. Бұл туралы биыл Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Астана қаласы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» үлкен талдау жасады. Осының негізінде әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша «Кеш ана болу» талдау баяндамасының авторы Ғалия Байболатовамен сұхбаттасқан едік. Бұл зерттеуде 35+ жаста туған аналардың проблемалары мен қажеттіліктерін зерделеуге және Қазақстанда кеш құрсақ көтерген аналарды қолдау бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеуге бағытталғанын айтты.

КЕШ ҚҰРСАҚ КӨТЕРУ ҚАУІПТІ МЕ?

– Бұл мәселе қаншалықты маңызды? Бұрындары да кеш туған әйелдер болды ғой. Соның дәлелі қырықбайлар мен елубайлар емес пе еді?

– Кейінге қалдырылған немесе кеш ана болу үрдісі бүкіл әлемде соңғы 10 жыл ішінде ерекше байқалауда. Қазіргі уақытта өмір сүру ұзақтығы артып келеді және қоғамда ана мен әйелдің рөлі өзгеруде. Бүгінде 30 жастағы әйелдер осы жаста болған өздерінің аналарынан білім деңгейі, әлеуметтік процестерге қатысуы жағынан ерекшеленеді. Қазақстанда әйелдер қазір белсендірек, экономикалық және саяси құқықтары мен еркіндіктерін біледі, тәуелсіз және бірнеше әлеуметтік рөлді біріктіруге қабілетті. Бұл ретте қазақстандық әйелдер үшін ана болу – оның әлеуметтік белсенділігін шектейтін, ал екінші жағынан ол артықшылықтар беретін және оның мінез-құлқын өзгертетін әйелдердің негізгі әлеуметтік рөлінің бірі болып қала береді.

Бұл көрсеткіш Қазақстанда 20 жыл ішінде (2000-2020 жылдар кезеңі) өсті. 2020 жылы 29,2 жас, 2019 жылы 28,9 жас, 2018 жылы 28,7 жылы жасты құрады. Осылайша, бірінші бала туған кездегі ананың орташа жасының жыл сайынғы өсімі байқалады. Яғни, 35+ жастағы жүктілікті жоспарлайтын әйелдер жасының ұлғаюы көптеген әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлармен байланысты болып келеді.

– Кеш ана болудың жақсы жақтары да, сондай-ақ ана мен баланың денсаулығына қауіпті факторларына тоқталсаңыз.

– Жағымды аспектілері ретінде ананың көптен күткен баласына мейірімнің мол болатынын айту керек шығар. Сарапшылар денсаулықтың нығаюын 35 жастан кейін босанған әйелдер етеккірінің кеш тоқтауымен байланыстырады. Сонымен қатар көбінесе «35+ жаста» ата-ана бала туған кезде қаржылық жағынан тәуелсіз және әлеуметтік тұрғыда аяққа нық тұратын болады.

Жағымсыз салдарға жасына байланысты ана денсаулығының (жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде) бұзылуы, бала денсаулығының нашарлауы, ананың нәрестеден айырылу және өлім қаупінің көбеюі жатады.

Көбінесе нәрестені жоғалту қаупі жүктіліктің соңына дейін жетпеуіне байланысты, өйткені ана өмірінің осы кезеңінде созылмалы аурулардың болуы (және өршу) ықтималдығы жоғары. Балада дерттің пайда болу қаупі жоғары. Көпұрықты жүктілік, сондай-ақ босанғаннан кейінгі асқынулар жиі кездеседі.

Осы жаста жүкті болған әйелдердің денсаулығында кездесетін ауыртпалықтарды қарайтын болсақ, сарапшылардың дерегі бойынша олар ерте босану, баланы шала туу, босанғаннан кейінгі қан кету, бала жолдасының ажырауы, гистацион-

ды қант диабеті сияқты ауруларға тап болады. Сонымен қатар 35+ жастағы әйелдер табиғи жолмен сирек туады, көбінесе «цесарь тілігі» отасы жасалады.

– Бұл тұрғыда дәрігерлер нендей кеңес береді?

– Қазіргі кезде БҰҰ ұсынысы бойынша жалпы фертильді жастағы әйелдер 18 жастан 27 жасқа дейін максимум 30 жасқа дейін босанып үлгергендері дұрыс деп есептейтін ескерсек, дәрігерлер де осы жасты бала тууға қолайлы кезең деп айтады.

Тағы да айтатын нәрсе, әйелдердің бойына кеш біткен шаранада ауытқуы болуы, баланың тұқымқуалаушылықпен ауруы қаупін арттырады. Сондықтан 35 жастан асқан әйелдердің барлығына дәрігерлер жүктіліктің үшінші триместрінде амниоцентез – шарана суын талдауды ұсынады.

Бұл мәселені сарапшылармен талқылау кезінде тұқым қуалайтын аурулардан басқа 35 жастан асқан аналардың балалары церебралды сал ауруы, Даун синдромы, туа біткен жүрек ауруы, тілінің кеш шығуы сияқты аурулармен, асқынулармен туылуы мүмкін екені анықталды.

Көбінесе 35+ жастағы әйелдер жүктілігі ауру, гормоналды бұзылу, суық тию, сондай-ақ ісіктің болуына байланысты бала көтеруде қиындықтарға тап болады; еркектерде бұл спермограмманың бұзылуы, стрестің әсерінен гормоналды бұзылу, созылмалы жыныстық инфекциялар кедергі келтіреді. Ал босану кезінде әйелдер шарана суының кетуі, туу белсенділігінің әлсіздігі немесе керісінше тез босану, кіндікке оралу, қан кету, жоғары қан қысымы, преэклампсия, мерзімінен бұрын босану сияқты асқынуға кездеседі.

– Әйелдердің кеш көтеруінің бір себебі бедеулік жатқан жоқ па? Тұрмысқа шыққан алғашқы жылдары бала күтумен өткізіп алса, кейіннен екеуінің бірінде бедеулік барын біліп емделгенше біраз уақытын өткізіп алады емес пе?

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) (2023) есебіне сәйкес бүкіл әлем бойынша әрбір 6-шы адам – (17,5%) бедеу. Жас ерекшелігі бойынша әйелдер бұл қауіпке жиі ұшырайды. Осыған байланысты оларға ұрықтандырудың балама әдістері ең өзекті болып саналады.

Бедеуліктің таралуы елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты емес. Табысы жоғары елдерде бедеулік 17,8%-ды және табысы төмен және орташа елдерде 16,5%-ды құрады. Қазақстанда бұл көрсеткіш 15%-ға тең. Алайда бұл ҚР ДСМ экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭҚҰ) рәсімін жүргізгісі келетін адамдар санының негізінде қалыптастырылған деректер, яғни олар ЭҚҰ процедурасынан өз бетінше өту туралы шешім қабылдаған

адамдар туралы деректерді, сондай-ақ бедеулік диагнозы қойылған жалғызбасты әйелдер мен ерлер туралы деректерді қамтымайды. 2021 жылы осындай диагнозы бар қазақстандықтардың саны 21,8%-ға өсті.

ДДСҰ мамандары бедеулік 15% деңгейге жеткенде мемлекеттік проблемаға айналады және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнеді деп санайды.

– Зерттеу нәтижелері тағы қандай мәселелердің бетін ашты?

– Бедеулік диагнозы қойылған әйелдердің үштен бірі жүктілікті 35 жастан кейін ғана саналы түрде жоспарлайтыны және ешқандай қиындық болмайтынына сенімді екендігі анықталды. Әйелдердің 46,3%-ы өздерінің ұрықтану қабілетіне деген сенімділік отбасылық туу тарихына негізделген, әйелдердің 33%-ы жүктіліктің алдын алу туралы үнемі ескертуге байланысты проблема болмайды деп санайды, 29,3%-ы бұл достардың, дәрігерлердің немесе 35 жастан асқан танымал әйелдердің жүктілігі туралы БАҚ ақпаратты дұрыс бермеуіне байланысты деп санайды. Зерттеуге қатысушылар бала туу үшін олардың қосалқы репродуктивті технологияға (ҚРТ) жүгінетінін білген жоқ.

Әйелдердің 97,6%-ы жас кезінен бастап халықты бедеуліктің қауіпті факторымен таныстыру қажеттілігі туралы, ал 80,5%-ы ерте хабардар ету жүктілікті ерте жоспарлауға мүмкіндік беретінін айтты. Әйелдердің 9,7%-ы бұл ақпаратты білсе де өмірлік жағдайлары оларға жоспарлау процесін ертерек бастауға мүмкіндік бермейтінін мойындады.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ (ДДСҰ) (2023) ЕСЕБІНЕ СӘЙКЕС БҮКІЛ ӘЛЕМ БОЙЫНША ӘРБІР 6-ШЫ АДАМ – (17,5%) БЕДЕУ. ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ БОЙЫНША ӘЙЕЛДЕР БҰЛ ҚАУІПКЕ ЖИІ ҰШЫРАЙДЫ

Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық әйелдер жасына байланысты бедеуліктің пайда болу қаупі туралы аз хабардар деген қорытынды жасауға болады. Әйелдердің ұрықтылығы туралы ақпарат көздері сенімсіз, бұл осы жастағы әйелдермен профилактикалық әңгімелесу мен түсіндіру жұмысын қажет екенін білдіреді.

Қазақстанда бедеулік проблемасын шешу үшін 2021 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасын іске қосты, соның арқасында ЭҚҰ-ға квота саны

5 есе, 1,3 мыңнан 7 мың хаттамаға дейін өсті.

Десе де 35 жастан кейін бала туған әйелдер санының жыл сайынғы ұлғаюын назарға ала отырып, жүктілік және босану жағдайында осы жас санатындағы әйелдердің денсаулығына қатысты қауіпті түсіндіру бойынша емханаларда жұмысты күшейту. Репродуктивті органдар ауруларының алдын алу мақсатында ерлер үшін жылына бір рет міндетті медициналық тексеруден өткізуді енгізу және басқа да ұсыныстарды құзырлы министрлікке жеткіздік.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС



СЫБЫЗҒЫ ТАРТУ

ҚУЫС ҚУРАЙМЕН ЫСҚЫРУ ЕМЕС

Сыбызғы өнері Қазақстанның шығыс, оңтүстік, батыс өңірінде сақталғанмен, оның үніндегі қазақы қасиетімізге тән байырғы ұлттық бояуы өшкіндеп, жалаң дыбысқа айналған. Ал көршілес Қытай мен Моңғолия елдерінде сыбызғы өнерінің байырғы дәстүрі мен ежелгі дыбыстық бояуы толық сақталған. Яғни бұл елдегі сыбызғышылар сыбызғы ұңғысының үнін көмейдегі дыбыс күмбірі мен үннің еріндік, езулік өзгерісіне үйлестіре отырып тартатындықтан, сыбызғының үндік бояуы толық, саз иірімі терең әрі тартымды шығады. Тіл, тіс, езудің сәйкестігі де сыбызғы дыбысын түрлендіруде үлкен рөл атқарады. Сыбызғы тартушының көкірек тынысы да саздың үніне әсер етеді. Қытай, Моңғолия қазақтарында сыбызғының мұндай қасиеттерінің толық сақталуына бұл өнердің атадан балаға үзілмей жалғасып келе жатқаны себеп болды. Қазіргі таңда осы күйшілердің жеткізуімен «Шыңжаң халық радиосының» алтын қорына 100-ге жуық сыбызғы күйі жазылып, сақталған. Сонымен қатар Шыңжаң өлкесіндегі кейбір аудандарға «сыбызғы мекені» аты беріліп, сыбызғы зерттеуге және оны жас ұрпаққа насихаттауға қатысты іс-шаралар жыл сайын өтіп тұрады. Танымал сыбызғышы Бейліхан ҚАЛИАҚБАРУЛЫ жақында елордаға келіп, «Астана ақшамы» газетіне «қонаққа» берген еді.

БАРМАҚ СЫБЫЗҒЫ БҮГІНГЕ ЖЕТПЕЙ ҚАЛДЫ

– Бала күнімізден сыбызғының сазы құлағымызда қалғанмен, Қытайда жүргенде сізбен жездесіп, сұхбат алу несіп болмапты. Бүгінде, міне, қазақтың елордасы – Астанада кездесіп отырмыз. Менің есімім де әкеніңбен аттас. Ендеше бүгінгі әңгіменің тиегін Қалиақбардан бастап ағытсақ қайтеді?

– Әкем Қалиақбар да, шешем де өнерге бейім адамдар еді. Әкем жастайынан құрығын майырып жылқы баққан кісі болған. Бала күнімен сол кісінің қасында жүріп мен де жылқы бақтым. Әкемнің бармағын тісіне тіреп, «бармақ сыбызғыны» сыңсығып тартатын өнері бар-тұғын. Оның ағасы Бөленхан, Бөленханның әкесі Шеттікбай да танымал сыбызғышы болатын. Мен сыбызғы тартуды сол Бөленханнан үйрендім. Аргы атамыз – иісі қазаққа танымал сыбызғышы Ақымжан. Атамыздан бастап есептесек, бізде сыбызғы өнері сегіз атаға жалғасты. Қазақтың бармақпен сыбызғы тар-

Сыбызғы – қазақ халқының қобыз, домбыра сынды төл аспаптарымен қатар аталатын ұлттық үрмелі саз аспабы. Мыңжылдық тарихы бар бұл аспап қурайдан, ағаштан жасалады. Кейде жезден, сүйектен жасалған түрлері де кездеседі. Сыбызғы күйлері, негізінен, ащы күй, қоңыр күй деп екіге бөлінеді. Аспаптың XVII-XIX ғасырларда қазақ даласына кең тарағаны тарихи деректерден мәлім. Бірақ аралықта бұл өнердің де оты өшкіндеп барып қайта жанғаны жасырын емес.



татын өнері бүгінге жеткен жоқ, ешкім тарта алмайды. Мен 1978 жылы радиоға күй жаздырдым. Қытайдағы 10 жылдық «мәдениет төңкерісінен» кейін заман оңалып, халық мұраларын жинай бастады. Сол кезде Алтайдан Тайыр Белгібайұлы деген күйшіні, Қаратаудан мені шақырды. Ол домбыра күйлерін, мен сыбызғы күйлерін тарттым. Осылайша радионың алтын қорына ең алғаш сыбызғы күйін мен бердім.

– Қазір Шыңжаң өңірінде сыбызғы тартатындар көп пе? Қанша шәкірт тәрбиеледіңіз?

– Сыбызғы тартатындар көп. Мен білетін сыбызғышылардың өзі 100-ден асады. Қазіргі сыбызғы тартып жүргендердің дені – біздің шәкірттер. Қазақстаннан барып үйреніп қайтқандар да бар, Еділ Құсайынов та барып сыбызғы тартудың кейбір әдісін үйреніп еді. Бейжің, Шанхайдан келіп сыбызғы үйренген 3 қытай шәкіртім бар. Олар сыбызғы үніндегі ғажайып

сазға қатты қызығады. 2012 жылдан 2015 жылға дейін мектеп оқушыларына да музыка сабағының бір тармағы ретінде сыбызғы сабағы өткізілді. Көп жерлерге барып сабақ бердім. Соңғы кездері онлайн-сабақ алатын жастар да көбейді. Осы жолы Ұлытауда өткен Кетбұқа би атындағы II халықаралық «Ақсақ құлан» дәстүрлі күйшілер конкурсына Кенжебек, Ғазез деген екі шәкіртімді ертіп келдім.

БАЙЫРҒЫ ҮНІ БҰЗЫЛЫП БАРАДЫ

– Сыбызғыны өздеріңіз жасайсыздар ма? Оның түрлеріне де тоқтала кетсеңіз.

– Иә, өзіміз жасаймыз. Сыбызғы жасалуы оңай, тартуы қиын аспап қой. Бұрын шоңай қурайдан жасап тартса, кейін ағаштан, металдан да жасайтын болды. Ең алғашқы сыбызғылар жалғыз тесікті болса, кейін дыбыс қажетіне қарай 2, 3, 4 тесікті сыбызғылар жасалды. 7 тесікті сыбызғы да кездеседі. Бірақ нотаға бейімдейміз деп сыбызғыға 7 тесік салу оның дыбыстық бояуын бұзатынын ескерген жөн. Қазақстандағы сыбызғышылардың көбі жалаң дыбыспен тартады, көмейден өрлеп шығатын қоңыр дыбысты қоса алмайды. Қуыс қурайдан шыққан үннің бәрі сыбызғы сазы бола бермейді. Мен өзім 4 тесікті сыбызғы тартамын. Мұның үні сазды, әуезді, көкіректен келген үнім қосылып, шымырлап шығады.

– «Аққабаның толқыны» мен «Ертіс толқыны» кімнің күйі? Халық арасында «бұл – Жылқышының күйі» деген сөз де айтылады. Өйткені «Жылқышы Ақтайұлы атақты сыбызғышы болған, Алтайдағы 12 өзенге арнап 12 күй шығарыпты, «Әттең, Сарыбел» күйімен жау айдап бара жатқан жылқыны кері қайтарған» деген тарихи әңгімелер ел ішінде көп айтылады.

– Бұл күйдің екеуін де халық күйі деп тартып жүрміз. Мен сыбызғы үйренген Бөленхан да бұл

күйлерді халық күйі деп тартатын. Жылқышы туралы білмейді екенмін. «Жылқышының күйі» деген күйді өз басым естімеспін. Мүмкін сыбызғы тартқан да шығар, оны әлі де зерттеп, зерделеу керек. Жалпы сыбызғы тарту Алтай бетінде өз заманында кең етек алған. Әйгілі күйшілер Қайрақбай да, Байжігіт те сыбызғышы болған. Ақымжан Тарбағатайда Әсет ақынмен кездесіп, сыбызғы тартқан деген дерек бар. Біздің жалғыз жүргеніміз – сол Ақымжан мектебі.

СЫБЫЗҒЫ ҮЙРЕНУГЕ ДЕ ТАБАҢДЫЛЫҚ КЕРЕК

– Астанаға алғаш келуіңіз бе? Қазақтың орда тіккен орталық қаласы ұнады ма?

– Бас қалаға осымен екінші рет келіп тұрмын. Жыл сайын жаңарған келбетін көріп, таңғалып қайтамын. Мұндағы ағайындардың ыстық ықыласына дән ризамын. Қазақтың өнері деп құрақ ұшқан өзің сияқты тілшілерге және осы жолғы сапарымызға дәнекер болған қазақтың күй өнерін жинау, зерттеу жұмысына ерен еңбек сіңіріп жүрген күйші Ардаби Мәулетұлына үлкен ризашылық білдіремін. Арнайы шақырған Ұлытау облысының азаматтарына алғысым шексіз. Сапарымыз өте табысты болды. ҚР Ұлттық музейінде «Сыбызғының сырлы үні» атты шеберлік сағаты өтті. Сонымен қатар Ұлттық музейдің рухани мұра қорына үш сыбызғышы 100-ге таяу күй жаздырдық. Осы сапарымызда қазақтың дәулескер күйшісі Секен Тұрысбеков те біздің сыбызғы күйлеріне айрықша ықылас танытып, сүйінішін білдірді. Бұл да бізге үлкен медеу.

– Атажұртқа келіп, осы жақтағы жастарға сыбызғы үйрету ойыңыз жоқ па?

– Оны бірінші дәм, екінші бұйрық біледі. «Дәм айдаса қалмайсың» дейді ғой қазақ. Бала-шағамның алды осы жаққа келіп болды. Екі елдің саясаты жақсы болса, көшіп келуге еш қиындық жоқ. Бабадан қалған өнер деп ұлықтап жатса, білгенімді жастарға үйретуге әзірмін. «Кел, ұрпақтарға үйрет, оған жағдай жасаймыз» деген азаматтар да болды. Оның бәрін уақыт көрсетеді. Бұл жақта да шәкірттерім бар, Талғат Мұқыш деген азамат сыбызғы тарту өнерін жақсы меңгерген.

– Өзіңіздің қанша күйіңіз бар? Жалпы қанша күй тартасыз? Сыбызғы үйреніп жүрген жастарға қандай кеңес айтасыз?

– Мен сыбызғыда 60 күй тартамын. Өзім шығарған «Боғда бұлттары», «Көлге түскен сағым», «Қайран шешем» сынды 10 күйім бар. Жұмағазы деген ұлым да мықты сыбызғышы болды. Баба өнері балаға жалғасты деген осы.

Сыбызғы тарту деген қуыс қураймен ысқыра беру емес. Ол тіл, тіс, ерін, езу, көмекей және көкіректен келетін көп үннің жиынтығы ғой. Осы үндерді үйлестіріп, әсем саз етіп шығару ұзақ машықтануды, қажыр танытуды қажет етеді. Қазақша айтқанда, бұл өнер де қонады. Ал қонған өнерді бабында ұстау адамына байланысты.

Сұхбаттасқан
Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҒҰЛАМА

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті әдебиеттанушы ғалым, фольклор зерттеушісі, сыншы, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Рахманқұл Бердібайдың ғылыми мұрасына арналған «Ұлтын ұлықтаған ғұлама» атты дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Парламент депутаттары, белгілі ғалымдар, қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері қатысқан жиында Рахманқұл Бердібайдың кезінде телеарналардың бірне берген сұхбаты ұсынылды. Іс-шараны жүргізген Ұлттық ғылым академиясының академигі Уәлихан Қалижанұлы ғалымның әдебиеттануға, жалпы қазақ руханиятына қосқан үлкен үлесіне тоқталды. Соның ішінде Рахманқұл Бердібай шығармашылығы мен еңбектері 32 кітап пен мыңнан аса ғылыми мақаладан тұратынын, ол тарихи ақиқаттарды бұраламай қорсетіп, тоқырау жылдарындағы ұлттың шыңдалу процесінде белсене қатысқанын атап өтті. Мәселен, өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында Наурыз мерекесінің қазаққа қайтып оралуына атсалысты. Бұл жайлы көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков айтып кетті.

«Әлі есімде, маған Орталық Комитетке хатшы болып сайланысымен арада 10 күн өтпей жатып, Қазақстан Жазушылар одағының пленумында сөйлеуге тура келген еді. Рахманқұл Бердібай сол кездесуде зиялы қауымнан бірінші болып Наурыз мейрамын атап өту жөнінде мәселе қойған болатын» деп жазды Өзбекәлі Жәнібекұлы.

Жиында ғалымның биік тұлғасы, энциклопедиялық зердесі, азаматтық ұстанымы, қазақ әдебиеті ғылымына ғана емес, түркі дүниесінің руханиятына қосқан үлесі сөз болды. Рахманқұл Бердібай қазақ даласындағы қуғын-сүргін әлі толық басылмай тұрған 50-жылдары ұлт мүддесін қорғап, батыл үн шығара білді. Кеңес саясатына қайшы келсе де, 1956 жылы өзі қызмет істеген «Қазақ әдебиеті» газетіне қазақ тілі мен қазақ мектептерінің мәселесін көтеріп, сол үшін біраз қуғын көрді, ұлтшылдығы үшін қызметінен қуылды.

Әсіресе Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі жанындағы «Халық университеті» атты ұлттық-рухани жобаны дүниеге әкеліп, тәлім-тәрбиелік мәні зор іс атқарды.

«Халық университеті» елдің санасын оятып, рухын көтерді. Әуезов музейін шабыт шаңырағына, ұлттық ұлағат ұясына айналдырды. Осында оқылған лекциялар бірнеше буын ұрпақты кейінірек әйтеуір бір келуі мүмкін тәуелсіздік кезеңіне дайындады. Соны аңсап, саналы түрде сарылып сабақ өткізді» деді жиында белгілі қаламгер, ғалым, ҚР Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омарұлы.

Сондай-ақ іс-шарада Рахманқұл Бердібайдың қазақ ауыз әдебиетін зерттеудегі тың сұрлеу салған сара жолы, фольклорды жаңаша стильде қарастыруы, қазақ музыкасы мен тарихи мұраларды қалпына келтірудегі зор еңбегі туралы айтылды.

Бір атап өтерлігі, Астанада Рахманқұл Бердібай көшесі бар. Көрнекті ғалымға бас қаладан көше беру туралы тиісті шешім осыдан 2 жыл бұрын шықты. Аталған көше қаланың Алматы ауданында орналасқан.



№144 (4577) 05/12/2023 Сейсенбі

1

Ешқашан және ешкімге, әсіресе бейтаныс адамдарға өзіңіздің жеке басыңызды қуәландыратын құжаттың көшірмесін, карточкаңыздың толық деректемелерін, әсіресе артқы жағындағы үшмәнді кодын, SMS арқылы келген кодты және басқа да дербес ақпаратты жібермеңіз. Күмәнді сілтемелерге кірмеңіз.

2

Өзіңіздің гаджетіңізге антивирустық бағдарламаны орнатыңыз және оны үнемі жаңартып отырыңыз. Алаяқтық шабуылдар жағдайында антивирус оларды сәтті бұғаттайды. Қосымшаларды тек ресми дүкендерден жүктеніз.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Ішкі істер министрлігі қазіргі таңда алаяқтықтың ең кең таралған тәсілі интернеттегі алаяқтық екенін хабарлап, азаматтарды сақтыққа шақыруда. Қазіргі танымал сауда алаңдарының сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде (Instagram, Telegram, WhatsApp) интернеттегі сауда туралы хабарламалар көп шығады. Биылғы 10 айда 6,8 мыңға жуық осындай киберқылмыс тіркелген. Алаяқтар бұл іске жұртқа жақсы танымал OLX, «Крыша», «Колеса» сияқты сайттарды, әлеуметтік желілерді пайдаланады. Ол жерде белгілі бір тауардың, я болмаса қызмет түрінің арзан бағасын көрсетіп, сатып алу үшін жартылай немесе толық ақысын төлеуге үндейді.

ИНТЕРНЕТТЕГІ САУДА ҚЫЗЫП ТҮР

Жуырда WhatsApp арқылы Астанадағы бір дүкеннің әлеуметтік желілердегі суреттеріне, бейнежазбаларына «лүпіл» басқанды, жағымды ой-пікіріңізді қақтырсаңыз, күніне кем дегенде 10 мың теңге ақша табысы деген ақпарат таралды. Ал осындай тапсырмалардың бірнешеуін орындаған адамға алатын сыйақысы көбейе беретіні де анық жазылды. Алайда ондай қомақты сыйлық алу үшін сіз онлайн тәртіппен бір тауарды сатып алуыңыз керек. Егер бұған келісім берсеңіз, төлем жасау үшін банк картасының нөмірін жібереді. Сіз сол тауардың ақшасын төлейсіз де, өзін алмай, оның құны қанша тұратын болса, сол мөлшерде ақша аласыз. Алайда мұндай тізбек сізді бірден алаяқтардың құрығына түсіреді.

Астана қалалық Полиция департаменті Есіл аудандық полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі Нұрсұлтан Ережеев мұндай қылмыстарды жасайтын адамдар өзінің «құрбанымен» мессенджер арқылы ғана хат жазысып, өзінің бет-бейнесін көрсетпейтінін, дауысын естірпейтінін айтады.

«Екі адамның арасындағы әңгіме тек қана мессенджер арқылы жүргізіледі. Алаяқтар әуелі тауардың құны, дүкеннің жарнамасы туралы сілтеме жібереді. Алғашында тауардың құны аса қымбат болмайды, сол себептен оны сатып алған адамның ақшасы өзіне қайтып отырады. Соның нәтижесінде жеңіл жолмен ақша тапқан адам қызығып, одан әрі іс-әрекетін тоқтата алмайды. Сөйтіп көзіне көрінбеген тауарларды сатып алуға қомақты ақша жұмсауға кіріседі. Ал аса ірі көлемдегі сома жиналған кезде әлгі адам оны



ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ АЛДАЙДЫ?

Астаналық полицейлер интернет арқылы жеңіл жолмен ақша табуға қатысты алаяқтық қылмыс қоғамда көз ілеспес жылдамдықпен өршіп бара жатқанын айтып, дабыл қағуда. Қазіргі кезде мынадай қылмыстық тізбек пайда болды: әлеуметтік желілерден әр адамға қандай да бір компанияның, я болмаса дүкеннің жарнамасына «лүпіл» бассаңыз, күн сайын 5000-10000 теңге табыс табасыз деген хабарламалар көбейді. Демек, цифрлық платформалар алаяқтардың «табыс» алаңына айналып отыр. Өзінің жеке мәліметін алаяқтарға берген адам олардың құрығына түседі.

алмақшы болады, алаяқтар сол сәтті пайдаланып, салық төлеу үшін тағы да қосымша қаржы салуға сөздіреді. Сөйтіп көп ақшаға қызыққан адам құрыққа түседі. Сол сәтте «жұмыс беруші» жалт беріп, жазбасын да доғарып, бірден ғайып болады» деп түсіндіреді қылмыс тізбегін Н.Ережеев.

КИБЕРПОЛИЦИЯ НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?

Жарты жыл бұрын елордада киберполиция құрылғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл – киберқылмыстар саласындағы қылмыстық істерді тергеумен және ашудың арналысатын құрылым. Астана қаласы Полиция департаменті Алматы аудандық полиция басқармасының киберқылмыстарды ашу жөніндегі аға жедел уәкілі Батырхан Кушенов киберполиция құрылымы қанатқақты жоба ретінде құрылғанын айтады.

«Мысалы, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бері бір ғана Алматы ауданының аумағында интернет-алаықтыққа қатысты 730 қылмыстық іс тіркелді. Соның ішінде 146-сы ашылып, қылмыскерлер жазаға тартылды. Біздің бөлім қызметкерлері осындай қылмыстарды ашу үшін IT-мамандардың көмегіне жүгінеді» деп түсіндірді Б.Кушенов.

ЖЕЛДЕ АЛАЯҚТЫ ҚАЛАЙ ТАНУҒА БОЛАДЫ?

Полицейлер қылмыскерлердің әртүрлі тізбек бойынша жұмыс істейтінін айтады.

Енді осыған нақты мысалдар келтірейік. Ең алдымен, алаяқ бір азаматқа қоңырау шалып, өзін «банк қызметкерімін» деп таныстырады. Сөйтіп әлгі азаматтың банк картасындағы ақшасын алуға белгісіз біреу іс-әрекет жасағанын хабарлайды. Ол шоттағы ақшаны басқа бір «запастағы» шотқа аударуға ұсыныс жасайды, яки қашықтан қатынасу бағдарламасын орнатуға үгіттейді, я болмаса жеке мәліметтерді (шоттардың реквизитін, банк картасының нөмірін, пин-кодты) хабарлауды сұрайды. Алаяқ өзі қоңырау шалған адамның телефон нөмірін біліп алу үшін оған өздері ойлап тапқан бір қосымшаны телефон экранына орнатуға өтініш жасайды. Одан әрі әлгі нөмірге SMS-хабарлама жібереді. Ең соңында алданған адамның картасындағы ақшасының барлығын өзіне шығарып алады. Я болмаса мынадай екінші нұсқа бар: сізге экономикалық қылмысты тергеумен айналысатын «заң адамы» (ол өзін полицеймін, тергеушімін деп таныстыруы мүмкін) қоңырау соғып, сіздің қандай да бір қылмысқа қатысыңыздың бар екенін айтады. Алғашқы мысалдағы банк сізді сендіргісі келсе, «заң адамы» қорқытып-үркітеді. Екеуі де қысым жасайды, өйткені олардың арам пиғылы біреу ғана – ақшаңызды бөтен бір шотқа аударуға көндіру. Мұндайда ешқандай да қорқынышқа, байбаламға бой алдырудың қажеті жоқ. Бірден телефоныңызды басып, әңгімені үзе салыңыз. Есіңізде сақтаңыз: банк қызметкерлері

өз тұтынушыларына ешқашан қоңырау шалып, жеке басының мәліметін сұрамайды. Ал құқық қорғау органдарының қызметкерлері телефон арқылы тергеу амалын жүргізбейді. Егер ондай қажеттілік болса, ресми түрде, көбінесе жазбаша хабарлама жолдайды.

Тағы бір мысал. Өзін «полиция қызметкерімін» деп таныстырған алаяқ кез келген адамға қоңырау соғып: «Сіздің туысыңыз жолкөлік оқиғасына тап болды», «полицияда қамауда отыр» деген хабар айтады. Ондағы ойы белгілі: туысыңызды құтқарып алуыңыз үшін тез арада көрсетілген шотқа ақша аударыңыз дейді. Қылмыстың болғанын айтқан полицей ешқашан да біреуден ақша талап етпейді. Осы жерден-ақ алаяқтың арам ойын біліп қоюға болады. Бұл ескірген тәсіл, өкінішке қарай, әлі күнге дейін жұмыс істейді. Көбінесе егде жастағы адамдар алаяқтардың сөзіне сеніп қалады. Мұндай жағдайда ешқандай да үрейге берілудің керектігі жоқ. Ең бастысы, асығыс іс-әрекет жасамаған жөн. Әуелі жақын-жуық, туыс-туғандарға қоңырау шалып, амандағын біліңіз. Істің анық-қанығына көзіңіз жеткен соң, алаяқтың нөмірін жойып жіберіңіз, я болмаса құқық қорғау органдарына хабарлаңыз.

ДРОППЕРЛЕРДІ ДЕ БОПСАЛАЙДЫ

Интернеттегі алаяқтардың көбінесе шетелдерде отырып неше түрлі қылмыс жасайтыны мәлім. Олар өздері көлеңкеде қалуы үшін Telegram-арналардан

БИЫЛҒЫ 10 АЙДА ИНТЕРНЕТТЕГІ САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ 6,8 МЫҢҒА ЖУЫҚ КИБЕРҚЫЛМЫС ТІРКЕЛГЕН



тапқан Қазақстан азаматтарының арасынан «дроппер» деп аталатын адамдарды пайдаланады. Бірде қазақстандық бір әйел жұмыс іздеп отырып, әлеуметтік желіден кассирді жұмысқа шақырған хабарландыруды оқиды. Ол қашықтан жұмыс істеп, жақсы жалақы алатынына қуанады. Сөйтсе кассирдің жұмысы ақшаны қайта санау ғана екен. Ол қызметіне бірден кірісіп, шоттағы ақшаны санап, өзіне тиесілі 10 пайызын алады. Алайда ол алаяқтардың «апаньына» түсіп қалғанын білген жоқ. Жұмысқа қабылданар кезде өз құжатын, анықтамасын жібереді. Әңгімелесу онлайн форматта өтеді. Одан әрі алаяқтар әйелге тапсырма беріп, бір мекенжайға жіберіп, басқа бір адам болып танысуын өтінеді. Көрсетілген мекенжайдан 80 жастағы әжеден 1000000 теңге ақшасын алып, банкке барады да, қылмыскерлерге аударды.

«Одан кейін де маған көп тапсырма берді. Бірақ орындаудан бас тарттым. Өйткені күдігім ұлғайып кетті. Сөйтсем, қылмыскерлер менің барлық жүрген-тұрғанымды, алға қойған жоспарларымды, мақсат-мұратымды толық біліп алыпты. Тіпті ресми түрде тергеушіге түсінік бергеніме дейін біліп отыр екен. «Бүгін полицияға бардың ғой, ол жерде не істеп жүрсің?» деп жазды «жұмыс берушім». Күн сайын қайда баратынымды, не істейтінімді түгел алақандағыдай аңдып отыр екен. Анамның, туыстарымның да қайда тұратынына дейін анықтап, бақылап отырған» деп әңгімелейді әлгі дроппер әйел.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

Елімізде алаяқтықтың жаңа бір түрі пайда болды. Киберқылмыскерлер де жаңалықтан құр қалмай, өздерінің айла-амалын да ең соңғы технологияларды тиімді пайдаланып жүр. Мәселен, олар қазір WhatsApp-ты белсенді қолданады. Нақты мысал айтсақ, ең алдымен сізге WhatsApp арқылы кәдімгі хабарлама келеді. Онда музыкалық байқауға қатысып жатқан бір балаға дауыс беруіңізді өтінеді. Сіздің сеніміңізге кіру үшін баланың суретін, интернеттен алынған байқау туралы ақпаратты жібереді. «Дауыс беру үшін мына сілтемені басыңыз!» деген жазу ап-анық көрініп тұрады. Сол сілтемеге кірсеңіз, смартфонның зиянды бағдарлама жүктеледі, ондағы барлық ақпарат қаскүнемдердің қолына түседі. Көп ұзамай сілтемені ашқан адамның WhatsApp-ы бұзылады. Осылайша алаяқтар кез келген адамның аккаунтына кіріп, ақшасын ұрлайды.

Бұл жерде жалғыз бір адам «құрбан» болмайтыны анық. Оның жақындары, туыстары да

зардап шегеді. Өйткені қаскөйлер әлгі нөмірде сақталған адамдардың бәріне «Маған қарызға ақша салып жіберші!» деген хабарлама жібереді. Мұндай хабарлама бірден күдік туғызбайтыны анық. Себебі ол – бөтен біреуден емес, өзіңе жақын адамнан келген хабар. Фактчекер мамандардың айтуынша, осындай сілтемені ашқан адамдар өз аккаунтының кенеттен бұзылғанына, өзіне бағынбай қалғанына таңғалып отырғанда, алаяқтар көздеген мақсатына жетіп үлгереді. Тіпті сілтемені ашып, телефон нөмірін, жіберілген кодтарды баспаған адамдар да бәрібір құрыққа түседі. Ең абзалы, ол қандай адамнан келсе де, ешқандай да сілтемеге кірмеу.

Қазір бұл бағытта ең көп таралған хабарламалар мынадай тақырыппен келеді: «Бұл жерде біздің ортақ суреттеріміз бар [http://](#)», «Сіздің аккаунтыңыз, парақшаңыз бұзылған, тіркеуден өтіңіз [http://](#)», «Сіз автокөлік ұтып алдыңыз, егжей-тегжейлі ақпарат мына жерде [http://](#)», «Мен сіз берген хабарландыру бойынша хабарласып тұрмын, сіз сататын тауарды мынаған айырбастауға келісесіз бе [http://](#)». Осындай хабарламалар келген болса, ешқандай да сілтемені баспай, бірден жойып жіберіңіз. Қазір тіпті алданатын адамның тарапынан ешқандай белсенділікті талап етпей-ақ, өздігінен ұялы телефонға жүктелетін зиянды бағдарламалар бар. Егер смартфондағы операциялық жүйе бұзылған болса, ол зиянды бағдарламаның келгенін білдіреді. Мұндай жағдайда телефонды жедел өшіріп, операторға барып, SIM-картаны қайта шығарған абзал. Егер алаяқтық іс-әрекет тыйымсыз, телефонды сервис орталығына апарып, мамандарға көрсету керек.

Егер осы ұялы телефонға банк картасы қоса жалғанған болса, тез арада банкке хабарласып, картаны бұғаттап, шоттарға қызмет көрсету процесін тоқтатқан дұрыс. Егер телефонның көмегімен мұны іске асыру мүмкін болмаса, жақын жердегі банк бөлімшесіне барыңыз. Ал мобильдік құрылғы әлеуметтік желілерге шығуға пайдаланатын құрал болған жағдайда, онда өзге құрылғыдан, я болмаса компьютерден әлеуметтік желіге кіріп, ондағы телефон нөмірін ауыстырыңыз. «Вирус» кірген ұялы телефон сіздің смартфонныңыздағы барлық нөмірге зиянды ақпарат жіберетінін де естен шығармаңыз. Сол себептен барлық танысыңызға, жақын-жуығыңызға хабарласып, оларға сіздің нөміріңізден хабарлама келсе («маған жедел ақша керек болып тұр» деген жазбалар), оған жауап берудің, я болмаса ақша жіберудің қажеті жоғын ескертіңіз.

ТҮТҚАНЫ КӨТЕРМЕҢІЗ!

Қазір алаяқтар ұялы телефоннан қоңырау шалып та аңған адамдардың қалтасын қағып жүр. Мысалы, сізге бір бейтаныс нөмірден қоңырау келеді. Оның ұзақтығы – бірнеше секунд. Сол нөмірге өзіңіз қоңырау шалсаңыз, ол ақылы болып, сіздің банк картаныңыздан ақша төленеді. Кибералаықтар телефон шалмай, аудио-хабарлама жіберуге де машықтанып алған. Олар сізге маңызды бір жаңалық айтпаймыз дегенге қызықтырып, одан әрі айла-шарғысын үдете түседі. Өзіңіз одан әрі шыдай алмай, қоңырау соғып, жауап күтесіз. Арғы жақтан ұзақ тұтқаны ешкім көтермейді. Қоңырау ұзақ созылған сайын ақшаңыз да көп жұмсалады.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

ҮМІТ АНАЛАР ҮЙІНЕ АПАРАДЫ

ПСИХОЛОГ –
ЖАН ДҮНИЕ ДӘРІГЕРІ

Орталықтағы негізгі маманның бірі – психолог Толқын Мәкенова жұмысының оңай емес, бірақ жауапты екенін айтады.

– Әйелдер бізге әртүрлі болып келеді, эмоциясын да сыртқа әрқалай шығарады. Біреулер бала кезінен іштей жарақат алғандықтан, ішкі сезімін, ойын өзгерте дұрыс жеткізе алмайды, я болмаса айтуға қорқады. Олар көбіне ойын айта алмай, мақсатын ашу мен сезімі жеңіп кететін кездері жиі болады. Олар өз ойымен емес, басқа біреу қалыптастырған бағдарламамен әрекет етеді, содан өзін жоғалтып алады да, түрлі жағдайға тап болады. Біз келгенде ең әуелі эмоциясын шығаруға көмектесеміз, ішкі арпалысы сыртқа шыққан соң олар жеңілдеп, өзінің физикалық, моральдық жағынан жіберген кемшілігін түсініп, ойын нақтылап, мақсатын айқындай бастайды. Сосын негізгі ісіміз – терапияға көше бастаймыз. Жалпы ананың балаға, баланың анаға көңіл бөлуі, ықылас-ниеті көп жағдайда адамдар арасындағы түсінушілікке, ынтымаққа алып келеді, көп проблеманы шеше алады, – дейді психолог маман Толқын Есімқызы.

ЗӘБІР КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕР

– Жасым 50-ден асты, тұрмысқа шыққалы 25 жылдан бері ерімнен таяқ жеумен келемін. 4 балам бар, 2 қызым үйде тыныштық болмаған соң ертерек тұрмыс құрып кетті, 2 ұлым өзімнен бірге, екеуі де оқушы, біреуі – мүгедек. Арақтың кесірінен балам науқас болды, өзімнің де денсаулығым жоқ, ауырмайтын жерім қалмады. Үйсіз-күйсіз жүрсек те, күйеуім арақ ішуін, мені тоқпақтауын қоймады. Бала-шағамды сүйретіп, қашып-пысып, бітпеген үйлерде қаңғып талай қиын күнді өткердім, үлкен кісілер, екі жақтың жасы үлкендері «ұят болады, қояр» деп айтумен келді, менің де үмітпен

көз жасым көл болды, бірақ күйеуім ішкенін тоқтатпады. Өзі – көлік жүргізуші, бірақ өмір бақи ішумен келеді, тіпті бойжеткен қызына жекіп, талай рет ішімдікке жұмсағаны жаныма қатты бататын. Өмірім осылай таяқ жеумен, қашумен, қорлық көрумен өтіпті, ер адам өзі отбасында не көрсе, соны өзінің отбасын құрғанда да жасайды екен. Осында келгелі көзім ашылды, қазір ондай зорлық-зомбылыққа көнбеу керек екенін, кешіріммен қарамауды түсіндім, өзім бастауыш сыныбының мұғалімі болғандықтан, алдағы уақытта бір жерге орныққаннан кейін мектепке, өз мамандығымға оралсам деймін. Қазір жалдамалы жұмыс істеп, күнкөріске ақша тауып жүрмін. Күйеуімнен заңды түрде ажырастық, алимент алудан бас тарттым, себебі одан ештеңе алғым да, көргім де келмейді. Өмір бойы отбасының жүгін арқалап келемін, оған тіпті арқа сүйеген емеспін. Мемлекет басшысының бастамасымен, әкімдіктің қолдауымен осындай орталық барына шүкір етемін, уақытша баспана болып қана қоймай, бізге заңгерлік, психологиялық көмек көрсетіліп жатқанын айтуға тиіспін, мамандарға алғыс айтамын. Биылғы қазан айының 19-ынан бастап балаларыммен осы жерді панаалап отырмын. Жалпы қазіргі қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан мәселені қолдаймын, әйелдерге зорлық-зомбылық көрсеткендерге қарсы заң қатаюы керек деп есептеймін. Заң қатаймаса, нәзік жандардың осылай қорлық көргені – көрген. Ішіп



алып әйелін ұратын еркектер 15 тәулікке қамалып келеді де, баяғы ісін қайта жалғастырады, оларға заңды қатайтпаса, басқа әрекеттің бәрі бекер, – дейді өзін Шәрипа Бекетауова деп таныстырған әйел.

– Менің жағдайым өте күрделі, – деді Жанар (есімі өзгертілген) есімді жас келіншек. – Жұбайымның маған дейін отбасы болғанын тұрмыс құрған соң бір-ақ білдім, ұрыс-жанжал осыдан шығады. 12 жыл тұрған (арасында ажырасып, қайта қосылды) күйеуім басқалардай емес, мамандығы – заңгер, Алматыдағы атақты КИМЭП-ті бітірген, бірнеше тілді білетін сауатты жігіт. Иман жолында, бес уақыт намаз оқиды, шариғат жолымен жүреді, бірақ өзін-өзі ұстай алмайды, мені талай рет тұншықтырып, қылқындырды, саусағымды сындырып, компьютерді жалғайтын шнурмен денемді жарақаттады, кейінгі кездері орнында із қалмайтындай ұрып, қорлайтын болды. Заңның бәрін бес саусақтай біледі, өзіме қарсы шағым жазып, балаларды алудың барлық жолын қарастырып жүр. Ата-анасы – ішкі істер органдарында жұмыс істеген шенді тұлғалар, 12 жастағы үлкен ұлымызды асырауына алды, өйткені бізде күнде төбелес, ұрыс-жанжал болған соң бала психологиялық қысымға шыдамады ма, «ата-әжеммен тұрамын» деп сонда кетті. Қолымда ұлым мен қызым бар, осында келіп пана таптым, бірақ облыстағы өз ата-анам кетпесем, мұнда қалу біз үшін

қауіпті болып тұр. Ерлі-зайыпты боп қосылғалы бітпейтін ұрыс-ерегес, айқай-шу, сотқа бару, дауласу әбден шаршатты. Жоғарыда тұратын көршіміз – учаскелік полиция қызметкері, оған барып шағымдансам, «әуелі шағым жаз да, оны потерден қуып шық» дейді. Ал оның мені ұрғанына, қорлағанына заң жағынан жауапкершілік жоқ па сонда десем, «бұл – отбасындағы ұрыс-ерек, кикілжің, оны өзара шешпесендер, біз ештеңе істей алмаймыз» деп жылы жауып қоя салады. «Не үшін ұрып-соғады сонда?» деген сауалыма «Оған сылтау көп, үй жиналмаса, бала ауырса, ашуланып, ұрыс шығарады» дейді.

Дарига атты келіншек 4 баланың анасы екен. Орталыққа пана іздеп Түркістан облысынан келіпті.

– 21 жасымда тұрмыс құрдым, 18 жыл бойы мен де мына құрбыларым секілді «тиран» күйеуімнен таяқ жеп келдім. Үлкен ұлым 18-де, қызым 16-да, кіші ұлдарым мектепте оқиды. Ол жақта қалуға қорықтым да, кенже ұлыммен Астанада тұратын әпкеме келдім, сосын осында орналастым. Күйеуім арақ ішіп қана қоймай, наша шеге бастады, көрінген проблемадан ұрыс шығарып, мені ұра беретін жағдайға жетті. Өзі жұмыс істемейді, үйде қысымға шыдамады ма, «ата-әжеммен тұрамын» деп сонда кетті. Қолымда ұлым мен қызым бар, осында келіп пана таптым, бірақ облыстағы өз ата-анам кетпесем, мұнда қалу біз үшін

қауіпті бағалайтын. Бірақ жалақымды, балаларға берілетін жәрдемақыны ата-енем, күйеуім алатын, банк картасы солардың қолында болды. Индрайвермен такси жалдап, жақында ажырасуға арыз беріп келдім. Үш балам ауылда, енді соларды уайымдап отырмын. Өзі ішетін, есірткі қолданатын күйеуім өсіп қалған ұл мен қызға бірдеңе жасап қоя ма деп қорқамын. Олар «Мама, өзіңнің ойыңды жинақта, алдағыны жоспарла, сосын біз де келеміз» деп отыр. Осы орталыққа келіп психологиялық жағынан, заңгерлік жағынан қолдау алдым. Әйелдер құқығын қорғау департаментіндегі Ольга атты маман, тағы басқалар көп көмек көрсетті. Баламды жақын жердегі мектепке орналастырдым. Прокуратураға бардым, адвокат жалдап, барынша өз құқығымды қорғауға күш салып жатырмын. Күйеуім мені талай рет зорлап, қорлық әрекетке барды, қазір айтсам оның есебіне жете алмаймын, тіпті екі ішкі істер қызметтерінің поганын жыртқан, біреудің көлігін ұрлап, «угон» жасағаны үшін үйімізден айырылды. Басқа жылжымайтын мүліктің бәрін ата-анасының, туыстарының атына жаздырып қойған маған тимесі үшін. Ең сұмдығы, күйеуім жолдасымен бірге желкелеп банкке апарды да, менің атыма 3 банктен 10 миллион теңгеге несие рәсімдеді. Қазір сол несиелерді төлеу үшін күндіз-түні тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелді, 23-інің жеке куәлігі қалына келтіріліп, 17-сіне баланың туу туралы куәлігін алу бойынша кеңес берілді, 140 қызмет алушы жұмысқа орналасты.

Астана қаласының тұрғындары арасында отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында дағдарыс орталығы мен Астана қаласының ПД ЖПҚ әйелдерді қорғау орталығына «Үміт» дағдарыс орталығына тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары 18-ден 58 жасқа дейінгі аралықта, оның ішінде қатыгездікке ұшыраған балалардың өз бастамасы бойынша, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және ішкі істер органдары тарапынан да қабылданады.

– Дағдарыс орталығы 50 төсек-орынға арналған. Онда қызмет алушылар әртүрлі мәзір-мен күніне 4 рет тамақтанады. Орталықта ойын бөлмесі, оқу бөлмесі, кір жуатын орын, сауықтыру кешені, еңбек терапиясы бөлмесі, ауласында балалар ойын алаңы және жаттығу залы бар. Мұнда стационар жағдайында әлеуметтік қатерге, әлеуметтік қиыншылыққа, зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету үшін құрылған, – дейді Астана қаласы әкімдігі «Үміт» дағдарыс орталығының директоры Ғалихан Қуканбеков.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Астанадағы «Үміт» дағдарыс орталығының жұмыс істеген күнінен бастап 2470 қызмет алушы қабылданды, оның ішінде 747 әйел, 1 жасөспірім, 1546 бала бар, оның 79 пайызы – өзіміздің қарақөздер. 2023 жылғы 1 қаңтардан 22 қарашаға дейін орталыққа 180 қызмет алушы, оның ішінде 51 әйел, 129 бала қабылданған.

Қызмет алушылардың 74 пайызы – физикалық жәбір көргендер мен психологиялық қысымға ұшырағандар, 24 пайызы – экономикалық қыспаққа ұшырағандар, 2 пайызы – жыныстық жәбір көргендер.

2013-2023 жылдар аралығында дағдарыс орталығында әлеуметтік қызметтердің нәтижелеріне талдау жасағанда мынаған көз жеткіздік.

Екіжақты келісімге сәйкес, 366 қызмет алушы өз отбасына қайта оралды, құқық мәселелері бойынша 470 қызмет алушыға қызмет көрсетілді, соның ішінде 138-і алименттік міндет бойынша, 144-і ажырасып, 70-і тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелді, 23-інің жеке куәлігі қалына келтіріліп, 17-сіне баланың туу туралы куәлігін алу бойынша кеңес берілді, 140 қызмет алушы жұмысқа орналасты.

Астана қаласының тұрғындары арасында отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында дағдарыс орталығы мен Астана қаласының ПД ЖПҚ әйелдерді қорғау орталығына «Үміт» дағдарыс орталығына тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары 18-ден 58 жасқа дейінгі аралықта, оның ішінде қатыгездікке ұшыраған балалардың өз бастамасы бойынша, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және ішкі істер органдары тарапынан да қабылданады.

P.S: Заң үстемдігі салтанат құратын Әділетті Қазақстанда кез келген жастағы немесе жыныстағы азамат кез келген жерде өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуі керек. Бұл ретте жыл сайын БҰҰ 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күнге созылатын шаралар өтетіні белгілі, осы күндерді тиімді пайдаланып, көмекке мұқтаж, жаны қиналып жүрген жалғызбасты аналарға қол ұшын берсек, қанеки!



ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЗАРДАБЫ ҚАНДАЙ?

БҰҰ әйелдер ұйымының мәліметінше, әлемдегі 736 миллион әйелдің 15 жастан артыр үштен бірі физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Жыл сайын дүние жүзінде 45 мыңнан астам әйел серіктесінің қолынан қаза табады. 155 елде тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы, 140 елде жұмыс орнындағы жыныстық зорлық-зомбылық туралы заң бар. Дегенмен бұл заңдарды орындауда проблемалар әлі де жеткілікті, заңсыз шабуылдар жиі жазасыз қалады. Бұл үлкен шығынға, яғни денсаулық сақтау саласына ауырталық әкеліп, еңбек өнімділігін жоғалтуға және сот шығынына әкеледі.

Райхан РАХМЕТОВА

Бұл туралы Астанада өткен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес: проблемалары мен шешімдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда

айтылды. Шараға қатысқан ҚР адам құқығы жөніндегі уәкіл Артур Ластаев тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіпін елемуге болмайтынын, ол тек адамға зиян келтіріп немесе өлімге әкеліп қана қоймай, балаларды жетім күйге түсіретінін әрі күйзеліске ұшырататынын айтты. Сондай-ақ спикер Қазақстанның

посткеңестік кеңестікте бірінші болып 2009 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу, оны айқындау және құқықтық жауапкершілікті белгілеу туралы құқықтық актіні қабылдағанын атап өтті.

– Үйдегі тирандарды жазалаумен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу мен жоюға

да баса назар аудару қажет. Білім деңгейі, құқықтық сана, гендерлік стереотиптерді жою, салауатты өмір салтын және үнделікті әдеттерді насихаттау – аталған бағыттағы маңызды аспектілер. Қоғамда зорлаушылар мен жәбірлеушілерге төзбеу ахуалы қалыптасып, олар әдеттегі қарым-қатынас ортасында қалыпты жағдайда болуы керек, – деді спикер.

БҰҰ даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Катарзина Ваверна гендерлік мәселелерге назар аударса, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Кестусис Янкаускас әлеуметтік, медициналық және қаржылық көмекті қажет ететін зорлық-зомбылық құрбандарына күтім

жасауға, білім беру ұйымдарындағы жыныстық қудалау проблемасына назар аударуға шақырды.

– Қоғамда әйелдерге қарсы қылмыстарға «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеудің маңызы зор. Отбасында, мектептерде және жоғары оқу орындарында билік ашық диалог құруды және қылмыстық фактіні қабылдауға барлық жағдайды жасауды назарға алғаны абзал, – деді спикер.

Сарапшылар Қылмыстық кодекстің, Қылмыстық-процестік кодекстің, Қылмыстық-атқару кодексіндегі заңнамаларды одан әрі жетілдіру бойынша түрлі ұсыныс айтты.

Райхан РАХМЕТОВА

Спикердің айтуынша, елімізде суицидтік мінез-құлық бойынша медициналық-психологиялық көмек көрсетуді регламенттейтін бірқатар нормативтік құжат бар. Біріншіден, «ҚР халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты туралы» бұйрығымен медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету мамандарының, психиатр дәрігердің, психологтың суицидтік мінез-құлық тәуекелі бар адамға көмек көрсету кезіндегі іс-әрекеті регламенттелген. Екіншіден, «10 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың және жастардың репродуктивті және психикалық денсаулығын қорғау жөніндегі медициналық көмекті ұйымдастыру қағидалары туралы» ҚР ДСМ бұйрығы жастар денсаулық орталықтарында өзіне-өзі зиян келтіруді және суицидтік әрекеттерді қоса алғанда, репродуктивті және психикалық денсаулықты сақтау жөніндегі медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

– Бізде өзіне-өзі қол жұмсаудың негізгі әдісі – асылу. Алайда ДДҰ ұсынымына сәйкес бұл ақпаратты жарияламаған жөн. Психикалық денсаулық саласындағы көмек психикалық денсаулық орталықтарында, қалалық емханалар деңгейіндегі бастапқы психикалық денсаулық орталықтарында, ауылдық деңгейдегі психикалық денсаулық кабинеттерінде көрсетіледі. Суицидтің алдын алу шаралары бірқатар бағдарламалық құжатқа енгізілген. Атап айтқанда, «Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» бойынша ҚР Үкіметінің қаулысы бар. Денсаулық сақтау министрлігі кешенді жоспарды орындау шеңберінде суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен одан әрі жұмыс істеудің бірыңғай

СУИЦИД БЕЛГІСІНЕ БЕЙЖАЙ ҚАРАМА!

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің осы жылдың 9 айындағы дерегі бойынша суицид жасаушылар саны былтырғы сәйкес кезеңге қарағанда көбейген. Бірақ 2021 жылмен салыстырғанда аз. Қоғам қаупіне айналған мәселенің алдын алуда елімізде қандай жұмыстар жүргізіледі? Бұл туралы Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы бас директорының клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Нәби ЕСІМОВ айтып берді.



алгоритмінің және суицидке әрекет жасаған балаға көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимыл алгоритмінің жобаларын әзірледі. Денсаулық сақтау және білім беру мамандары осы бағытта үнемі оқытылады, – дейді Н.Есімов.

Қазіргі уақытта интернеттің бұл жағдайға әсерін асыра

бағалау қиын, бірақ сала маманы суицидке әсер етеді деп бір ғана себепті бөліп қарауға болмайтынын айтады. Суицид туралы ойлар қорғаныс факторлары тәуекел факторларының теріс әсерін жеңе алмаған кезде пайда болады. Дереккөздерге сәйкес, балаға негізгі әсер ететін орта – отбасы, егер отбасында үйлесімді қарым-қатынас, яғни

СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА СЕБЕПШІ БОЛАТЫН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР – ЖАЛҒЫЗДЫҚ, ШЕТТЕТІЛУ СЕЗІМІ, АУЫР МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙ, АУЫР СОМАТИКАЛЫҚ АУРУЛАР, ЖАНЖАЛДЫ ҚАТЫНАС. АЛАЙДА ДДҰ БҰЛ АҚПАРАТТЫ ДА ЖАРИЯЛАМАҒАН АБЗАЛ ЕКЕНІН ЕСКЕРТЕДІ!

қорғаныс факторы болса, онда бала теріс факторлардың әсерін жеңе алады.

– Өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алудың ең тиімді тәсілі – суицид тәуекелі бар балаларды ерте анықтау. Бұл жерде психологтардың рөлі өте маңызды. Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша жоғарыда аталған алгоритмдерде денсаулық сақтау және білім беру психологтарын суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрақты оқыту көзделген. Алайда суицид проблемасын барлық мүдделі мемлекеттік органдардың белсенді ведомствоаралық өзара іс-қимылы арқылы ғана шешуге болады, – дейді спикер.

Суицидтік мінез-құлыққа себепші болатын негізгі факторлар – жалғыздық, шеттетілу сезімі, ауыр материалдық жағдай, ауыр соматикалық аурулар, жанжалды қатынас. Алайда ДДҰ бұл ақпаратты да жарияламаған абзал екенін ескертеді. Өз-өзіне қол жұмсаудың өлім туралы спецификалық емес ойлардан бастап, өз өмірінің құндылығын төмендету мен өзін-өзі өмірден айыруға бағытталған әрекеттерді жасауға дейінгі кезеңдері бар. Бұл процестің ұзақтығы тәуекел факторларының болуы мен оның ауырлығына, сондай-ақ қорғаныс факторларының болуы мен қалыптасуына байланысты.

– Суицидтік ойлары бар адамдардың мінез-құлқы өзгермеуі мүмкін. Егер сіз оның мінез-құлқындағы «құрт» өзгерістерді байқасаңыз, яғни сырт келбетіне қарауды қойғанын, агрессивті, тұйық бола бастағанын, өзіне немесе айналасындағыларға немқұрайды қарай бастағанын, өзінің өткенін, бүгінгі және болашағын пессимистік бағалайтынын аңғарсаңыз, онда оны дереу кәсіби маман көмегіне жүгінуге көндірген дұрыс, – дейді Нәби Болатұлы.

Көмекті психикалық денсаулық қызметінің мамандарынан, яғни психолог, психотерапевт, психиатрдан алуға болады. Көмекке жүгіну «есепке» қоюға немесе дәрілік препараттарды тағайындауға әкеп соқтырмайды. Дер кезінде көрсетілген көмек өмірді сақтап қалуы мүмкін.

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ САЛУДЫҢ СЕБЕБІ КӨП

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, суицидтің 800-ге жуық себебі бар. Олар эмоциялық күйзеліс, отбасындағы шешілмей жатқан түйінді түйткілдер, психикалық бұзылыс, қаржы тапшылығы сияқты болып жалғаса береді. Әрі бұл адамның жас ерекшелігі мен мінезіне де байланысты. Оған өмірінде орын алған оқиғалар да қатты әсер етуі мүмкін.

Жан дүние құлазып, кеудесі бос қалғандай күй кешкенде адам іштей үрей мен өзін-өзі кінәлауға бой алдырады. Өзін ешкімге қажетсіз сезініп, жан жарасы тереңдей түседі. Осындай түпсіз терең шыңыраудан шығудың жолы тек өмірмен қош айтысу деп түсініп, жаңылыс қадамға баратындар жиі кездеседі. Әсіресе мұндай қадамға психикалық ауытқуы бар, ұзақ уақыт бойы соматикалық аурулардан зардап шегетіндер, жасөспірімдер мен қарттар бейім келеді. Сондай-ақ мигранттар, қорлық көрген және әділетсіздікті бастан өткерген адамдар да өз-өзіне қол жұмсап жатады. Суицидтік әрекеттерді басқаларға қарағанда әйелдер көбірек жасайды. Некесіз, ажырасқан, жесір қалған, баласыз және жалғыз тұратын адамдар арасында суицид жасау деңгейі жоғары. Жасы бойынша айтатын болсақ, 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер өмірінде туындаған қиындықтарға байланысты

өзіне қол жұмсайды. Сонымен қатар 40-50 жас аралығындағы ересектер мен 65 жастан асқан адамдар суицид жасауға бейім келеді. Астана қаласы бойынша 20-29 жас аралығындағы жастар суицид жасауға әрекет жасайды, бір-ақ көп жағдайда дер кезінде көрсетілген көмектің арқасында аман қалып жатады. Ал 40-49 жас аралығындағы адамдардың мұндай әрекеті, өкінішке қарай, қайғылы аяқталады.

Егер сіз томаға-тұйық, ештеңеге зауқы жоқ, енжар жүрген танысыңызды кездестірсеңіз немесе айналасындағы адамдардың бойынан осындай белгілерді байқасаңыз, ескерусіз қалдырмаңыз. Олармен ашық әңгіме жүргізу арқылы неге өмір сүргісі келмейтіні туралы білуге тырысыңыз. Бұл арада жақын жандарының күнделікті мінез-құлқында, қарым-қатынасында байқалатын өзгерістерге мән беру аса қажет. Суицид аяқ астынан пайда



болмайды, ол біртіндеп, импульсивті түрде келеді. Яғни ұшығып тұрған жағдайдың күндердің күнінде жарылары сөзсіз. Суицид жасағандардың көбі өз мақсатын қандай да бір түрде білдіреді екен. Олар ашылып әңгімелескісі келеді, біреудің оны тыңдағанын қалайды. Кейбір суицидті жоспарлаған адамдар аяқ астынан достарына, туыстарына заттарын беріп, сыйлықтар үлестіре бастайды. Тіпті өзі үшін


қымбат, құнды саналатын заттарын да оңай қия салады. Осындай жағдайларды байқаған бойда ол адаммен ашық сұхбаттасып, сырласу керек. Ең бастысы, жанашырлық таныта сөйлесу керек.

Қазір Астанада суицид бойынша арнайы қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. Оған анонимді режимде кез келген адам жүгіне алады. Ересектер мен жасөспірімдерге арналған екі

шұғыл психологиялық көмек кабинеті бар. Өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасалғаннан кейін адам көбінесе соматикалық стационарға түседі. Онда оның физикалық жағдайы қалпына келгеннен кейін психиатрдың диагностикалық кеңесі жүргізіледі. Нәтижеге байланысты ол шұғыл психологиялық көмек кабинетіне жіберіледі. Мұнда диагноз қойылады, суицид қаупі бағаланады. Бұл қадамға екінші рет бармайтынына кепілдік жоқ. Суицидке бір рет әрекет жасаған адамдардың 10 пайызы өз-өзіне қайта қол жұмсау салдарынан қайтыс болады.

Осы келеңсіздіктің алдын алудың бірнеше бағыты бар. Бастапқысы – ол суицидтік мінез-құлықтың пайда болуын болдырмауға бағытталған шаралар. Екіншісі – бұл дәрігерлер мен психологтардың стресс кезінде психикалық өзін-өзі реттеу әдісін игеру. Үшінші профилактика – суицидтік әрекеттердің қайталануын болдырмау. Мұндай жағдайда әрекет жасаушының жақындарына көп жағдай байланысты. Өкініштісі, қоғамда психолог маманға тек психикалық ауытқушылығы бар адамдар ғана жүгінеді деген түсінік қалыптасқан. Осы жаңсақ пікірді санадан шығарып, маман кеңесіне құлақ асу керек. Суицидтің алдын алу үшін бірінші кезекте күнделікті қарым-қатынастағы жақын адамдарымызға жылы шырай танытып, ішкі жан дүниесін түсінуге тырысу қажет.

Екатерина МИРОНОВА,
Астана қаласындағы
психологиялық көмек
орталығының суицидолог-маманы



Осы негізде «Қазақстандық полиция қызметінің моделі» жобасы жүзеге асуда. Бүгінгі таңда айрықша назар аударылып отырғаны – көпшілікке кеңінен таныла бастаған қызметтік-бағдарланған полиция қызметі. Бұл – полиция мен қоғамға қылмыс мәселесін шешуде және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ынтымақтастықтың жаңа әдісін қолдануға мүмкіндік беретін модель.

Полиция мен халықтың өзара іс-қимылын сервистік модель контекстінде оңтайландыру, ең алдымен, полиция қызметкерлеріне сенім мен серіктестік қағидаттарын негіздеуді жүктейді. Бұл тұрғыда қазір бізде учаскелік полиция инспекторларының мәртебесін арттыруға, сондай-ақ қызметтік тәсілдерді енгізе отырып, халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу бағытында кешенді шаралар жүзеге асуда.

Қызмет көрсету үлгісінің тұжырымында заңға бағынатын азаматтардың мүддесі тұрады. Полиция жалпы қауіпсіздік мәселесін шешу мен дер кезінде көмек көрсетуде өзара құрмет, сенім, жауапкершілік, шынайылық пен адалдық қағидаттарына негізделген ұстанымдар тұрғысында қызмет атқарады.

Сервистік үлгіні дамытудың негізгі бағыттары – азаматтардың полицияға қолжетімділігін барынша арттыру қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алудан туындайды. Бұған учаскелік пункттерді, мобильді посттарды оңтайлы орналастыру мен дер кезінде жауап беру қабілетін арттыру, сондай-ақ цифрлық технологияларды қолдану кіреді.

Бүгінгі таңда алда тұрған басты міндет – полиция мен тұрғындардың жемісті ынтымақтастығын арттыру, сол арқылы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету,

СЕНІМ МЕН СЕРІКТЕСТІК ҚАҒИДАТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға ерекше көңіл бөлуде. Осыған орай, Астана қаласының Полиция департаменті алдына үлкен міндеттер қойып, оны орындау бағытында жүйелі жұмыс атқаруда. Басты мақсат – ішкі істер органдарында болып жатқан оң өзгерістер мен тың реформаларды әрбір елордалықтың сезіне алуы үшін полиция қызметкерлеріне деген халықтың сенімін нығайту.



оларға дер кезінде көмек көрсету және тәртіп сақшыларына сенімін арттыру. Соның ішінде елорда полициясы үшін ең маңыздысы – қылмыстың алдын алу. Осыған байланысты ауқымды жұмыс жоспары жасалып, оны жүзеге асырудың оңтайлы жолдары да қарастырылуда. Бұл, ең бірінші, сервистік үлгіні енгізу. Соның аясында кейінгі кезде «Цифрлық полиция қызметкері» жобасы да сәтті қолға алына бастады.

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайту мәселесінде азаматтардың өтініші мен арыз-шағымына нақты ден

қойылып, құқық бұзушылықтан қорғау тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін модульдік полиция бекеттері ашылуда. Сонымен қатар «Қолжетімді полиция» қағидатын жүзеге асыру үшін әкімдікпен бірлесе отырып, учаскелік полиция пункттері мен модульдік қосындар санын көбейтудеміз. Осы бағытта былтыр 5 учаскелік пункт іске қосылып, 19 стационарлық модульдік қосын ашылды. Осының барлығы халықтың өтінішіне жедел жауап беру үшін жасалып отыр. Мұндай байланыс елорда тұрғындары мен полиция қызметкерлері арасында

тығыз қарым-қатынас орнатуға, ұсақ құқық бұзушылықты дер кезінде анықтап, аса ауыр қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Ішкі істер органдарын жаңғырту аясында полиция мен жергілікті атқарушы органдардың тығыз байланыста бірлескен жұмысы ғана қауіпсіздікті қамтамасыз етуге оң ықпал ететіні көрінді. Сондықтан қазір цифрлық инновацияларды енгізу мен оны одан әрі дамыту үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бұған қоса, жедел басқару орталығының базасында по-

лициямен байланыстың баламалы құралы – «Азаматтардың өтінішін қабылдау» және «SOS: дабыл батырмасы» жобалары іске қосылды. Осылайша «полиция 102» мобильді қосымшасын пайдалана отырып, азаматтар полицияға тікелей бейнеқоңырау шала алады, фотосуреттер мен бейнематериалдар қоса берілген мәтіндік хабарламаны да жібере алады.

«SOS: дабыл батырмасы» жобасы бойынша қаланың адам көп жүретін жерлеріне онлайн режимінде басқан кезде жедел басқару орталығының қызметкерімен тікелей байланысуға мүмкіндік беретін 19 арнайы құрылғы орнатылды.

Қылмыстың алдын алу және жедел әрекет ету мақсатында қоғамдық орындарға «Кілем» бейнебақылауын («Ковровое» видеонаблюдение) дамыту жалғасуда. Тағы бір маңызды жобаның бірі – «Үздіксіз бейнебақылау»-ды енгізу. Қазір қаланың жедел басқару орталығында 30 мыңнан астам бақылау камерасы орнатылды. Соның ішінде 13 мыңы – «Сергек» камералары.

Сондай-ақ тұрғын үйлердің

кіреберісіне де (сыртқы аумақты бейнебақылау бағдарламасы аясында) 5 мыңнан астам камера қойылған. Ал білім беру нысандарын жабдықтау жобасы аясында 6 мыңнан астам камера жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері бейнебақылау камераларының көмегімен 2 мыңнан астам қылмыс ашылса, оның 89-ы – тонау, 1740-ы – бөтеннің мүлкін жымқыру, 59-ы – көлік ұрлығы, сондай-ақ 20 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген.

Қазіргі таңда білім ошағына мемлекеттік білім беру мекемелерінің, оның ішінде жалпы білім беретін мектептердің, балабақшалар мен қосымша білім беру мекемелерінің бейнекамералары іске қосылған.

Жыл сайын елордада камералар саны артқандықтан, құқық бұзушылық пен қылмыстың ашылуы да артып келеді.

Полицияға сенім азаматтардың заңды сыйлауынан, полицейлерге жедел қылмыстық іздестірулерге көрсетілген көмектен, жалпы тәртіп пен ережені қатаң сақтаудан көрінеді деген қағидаға сүйене отырып, елорданың құқық қорғау қызметкерлері қолға алынған оң өзгерістер мен белгіленген міндеттерді жемісті жүзеге асыра береді.

Салтанат БЕГАСЫЛОВА,
Астана қаласы
Полиция департаменті
бастығының орынбасары,
полиция полковнигі



АРДАГЕРДІҢ ТЕЛЕФОНЫН АЛЫП ҚАШҚАН

Құқық қорғау органдарының пәрменді іс-қимылына қарамастан, кейінгі кезде елорда аумағында алаяқтық фактілері азаймай отыр. Қазір қарапайым адамдарды алдау, арбау, сеніміне кіріп, ақшасын, құнды заттарын, ұялы телефонын иемденіп кететіні туралы қоғамдық көліктерде, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жатыр. Алайда осындай келеңсіздіктердің қаламызда жиі қайталанатыны өкінішті.

Таяуда елордалық полицейлер зейнеткердің «бір телефон шалып алайыншы, өзімдігінің қуаты бітіп қалып еді, қатты керек болып тұр» деп өтініп сұрап, ұялы телефонын алдап алып қашып

кеткен ер адамды ұстады.

Астана қаласының тұрғыны, 72 жастағы Кәкімбек Мәтенов оқиғаның қалай болғанын былай баяндайды:

«Біржан сал көшесінің бойында

маған бейтаныс бір ер адам келіп: «Анам қатты науқастанып жатыр еді, бір рет қоңырау шалайыншы, телефоныңызды бере тұрыңызшы» деп қиылып сұрады. Ойымда ештеңе жоқ, анасы ауырып жатса мұқтаж ғой, телефон соқсын деп бере қойдым. Ал ол біраз уақыт біреумен сөйлесіп тұрған кейіп танытты да, бұрышты айнала беріп қашып кетті. Мен бірден полицияға қоңырау шалдым. Олар менің шағымымды бірден қабылдап, жедел әрекет етудің нәтижесінде алаяқ көп ұзамай қолға түсті. Сол үшін де Астана қаласы Сарыарқа ауданы криминалдық полиция басқармасының

қызметкерлеріне алғысым шексіз» дейді ардагер.

Ұсталған қаскөйдің қала аумағында бұрын да осыған ұқсас қылмыстар жасағаны анықталып отыр.

Тәртіп сақшылары азаматтардың алаяқтардан сақ болып, кездейсоқ адамдарға қанша қиылып сұраса да, қолындағы ұялы телефонын бермеуін әрі үнемі қырағы болса деп ескертеді.

Эльмира ШАУЛЕНОВА,
Астана қаласы Полиция
департаменті ішкі және
сыртқы коммуникация
бөлімінің аға инспекторы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Астана қаласының «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 2023 жылғы 25 желтоқсанда сағат 15:00-17:00-ден бастап Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтетін «Алматы» ауданының аумағында түбегейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Толық ақпаратпен «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

ҚОС КІТАПТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор, елші-дипломат Әділ Ахметтің «Жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті» және «Викиндердің ізімен» атты кітаптарының тұсаукесері өтті. Іс-шараға қатысқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, зиялы қауым өкілдері аталмыш еңбектер туралы ойын ортаға салды.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

«Жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті» атты монографияға Әділ Құрманжанұлының күллі әлемге танымал саясаткерлер мен Нобель сыйлығы иегерлерінің жаһанданған бүгінгі әлемнің геосаяси келбетін айшықтайтын бірегей туындыларын сараптауға бағытталған эсселері мен мақалалар топтамасы енгізілген. Кітап мемлекет қызметкерлеріне, саясаткерлерге, дипломаттарға және халықаралық қатынастар саласында маманданып жүрген жоғары оқу орындарының магистранттары мен докторанттарына арналады.

Ал жаңадан жарық көрген «Викиндердің ізімен» кітабында профессор байырғы скифия мен викиң өркениеттеріне деген жаңа көзқарасты көкейге қонымды дәлелдер мен дәйектерге сүйене отырып, әлем ғалымдары жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне табан тірейді.

Екі кітап та ғалымның ұзақ жылдар бойғы тынымсыз зерттеуінің жемісі. Тәжірибелі саясаткердің бұдан бұрынғы еңбектерінде де әлемнің геосаяси келбеті мен ондағы еліміздің орны жайлы сараптамалық ойлар жинақталған.

Жиынды жүргізген белгілі ғалым, Парламент Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі бұл екі кітап рухани, танымдық, ғылыми ортаға үлкен олжа болып қосылғанын атап өтті.

– Әділ ағаның кітаптары туралы көп айтуға болады. Алдында қырық мың жыл бұрын Алтайдан Беринг арқылы Америка асқан үндістерді біздің қоғамға сүйіншілесек, қазір енді



викиндердің де Хазария мен Каспиймен түбірлес екенін, ұлы көшпелілер өркениетімен сабақтасып жатқанын тайға таңба басқандай, қазіргі ғылыми жаңалықтар мен ДНҚ-ның және басқа да зерттеулердің нәтижелерімен ұштастыра отырып, терең тұжырымдар жасайды, – деген Дархан Қыдырәлі «Викиндердің ізімен» және «Жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті» кітаптарының құндылығына тоқталды.

Одан кейін сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов Әділ Ахметпен бірге барған Норвегия сапары туралы айтып, сондағы викиндердің тілдік тұрғыдан қазақтардың сөздерімен ұқсастығына таңғалғанын, Әділ Құрманжанұлы соны індетте зерттегенін айтты. Әділ Ахметтің өмір жолына шолу жасады.

– Әдекенің зерттеушілік таланты тәуелсіздік келгенде ашылды. Бұрын да ғылыммен шұғылданып жүрді, бұрын да зерттеумен айналысты. Университеттің қарапайым оқытушысынан ректоры қызметіне дейін жетті. Бірақ шын мәнінде елдің назарына тәуелсіздік жылдары ілікті, – деді Қуаныш Сұлтанов.

Аталмыш еңбектер туралы экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, мемлекет және қоғам қайраткері Жақсыбек Күлекеев, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының профессоры Дариқо Мәжіденова, Азиядағы сенім шаралары кеңесі хатшылығының басшысы, филолог-шығыстанушы Қайрат Сарыбай,

экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Шерубай Құрманбайұлы пікірлерін айтты. Тұсаукесері өткен кітаптардың авторы Әділ Ахмет аталған тақырыптарды зерттеуге қалай келгенін, алдындағы кітаптарының қалай жарық көргенін айта келе, жиналғандарға алғысын жеткізді. Осы жиын ғылыми конференцияға айналғанын атап өтті. «Жаһанданған әлемнің геосаяси келбеті» және «Викиндердің ізімен» кітаптарын Ұлттық академиялық кітапханаға сыйлады. Аталмыш кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергелі өз тарапынан сыйға алған жаңа кітаптардың құндылығы туралы сөз қозғап, ұсынысын жеткізді.

САРЫТАП САҒЫНЫШ САРЫНЫ

Елордадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ақын, жазушы Ұларбек Дәлейұлының «Қарғыбаулы қасқыр» кітабының тұсауы кесілді. Іс-шараға ақын-жазушылар, өнер адамдары, Парламент Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, белсенді оқырмандар қатысты.

**Қалиқабар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Әдебиетке өлеңмен келіп, ақын ретінде танылған Ұларбек Дәлейұлының бұған дейін «Қанымдағы қасқыр иісі», «Күз жауған соқпақ» атты жыр жинақтары мен «Хат бармайтын қыстақ» атты әңгімелер жинағы баспадан шыққан. «Кітаптың өне бойынан жалаң қолмен жауға шабар асқақ рух, қазақтың еңсесін көтерер ерен өрлік есіп тұр, туған мекеніміз, атажұрт – Алтайға деген сарытап сағыныш аңқиды» деп кітаптың алғы сөзін жазған Қанағат Әбілқайыр айтқандай, «Қарғыбаулы қасқыр» (дала хикаялары) кітабы-



на арғы беттегі – Қытайдың Алтайындағы қазақтардың туған жерінің топырағын жауға тапталмай, анталап

келген жаумен қиян-кескі жүргізген шайқасы, оған бас болған қазақ мергендерінің ерлігі тарихи дерек негізін-

де айшықты тілмен әсерлі баяндалған. Сонымен қатар сонау Алтайда қалған балалық шағы мен туған ауылының тыныс-тіршілігі, арғы беттегі ағайындардың таңғажайып өмірі де автор қаламынан қағыс қалмаған.

– Басты мақсатым – өзінің ұлттық рухынан адасып, түрлі бағытқа бөлініп бара жатқан замандастарымның басын біріктіруге ұмтылу. Сонымен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпақтың ұлттық санасына сілкініс жасау болатын. Сол үшін өткен ғасырда арғы беттегі қазақтардың жаумен күресудегі ерекше ерлігін тарихи деректерге сүйене отырып жазып шықтым, – дейді Ұларбек Дәлейұлы.



ЕЛОРДАЛЫҚ СЫРҒАНАУШЫ ЕРЛЕДІ

Мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі, астаналық Рaxат Брaлин Түркияның Ыстанбұл қаласында өтіп жатқан халықаралық турнирде қола жүлдегер атанды.

Bosphorus Cup-2023 дәстүрлі турнирінде 34 елден 193 атлет бақ сынап жатыр.

Рахат Брaлин қос жаттығудың қорытындысында 203,40 ұпай жинады. Алтын медальді Әзербайжан спортшысы Владимир Литвинцев

(221.10 ұпай) иеленсе, күміс жүлде Түркия спортшысы Бурак Демирбоғаға (211.02 ұпай) бұйырды.

Енді астаналық спортшы алдағы жылы өтетін әлем чемпионатына дайындық жүргізеді.

«БАРЫС» ОВЕРТАЙМДА ЖЕҢДІ

Құрлықаралық хоккей лигасында ел намысын қорғайтын астаналық «Барыс» соңғы турда «Северсталь» командасынан басым түсті.

Череповец қаласында өткен бұл ойынның негізгі уақытында есеп 2:2 болып, тең нәтиже тіркелді. Ал қосымша берілген 5 минуттық овертаймда астаналық Евгений Рымарев дәл соққысымен көзге түсті. Сөйтіп, «Барыс» 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Осыған дейін «Барыс» елордада «Металлург» (Магнитогорск) командасын 5:2 есебімен жеңген болатын. Осылайша, астаналық клуб екінші ойын қатарынан жеңіске жетті.

Бүгін «Барыс» Омск қаласында жергілікті «Авангард» командасымен ойнайды.



«АСТАНА» КЕЛЕСІ КЕЗЕҢГЕ ШЫҒА МА?

УЕФА аясындағы Конференция лигасының топтық турнирінде өнер көрсетіп жатқан «Астана» футбол клубының плей-офф ойындарына шығуға мүмкіндігі азайды.

Топтық турнирдің соңғы турында «Астана» көш басындағы «Виктория Пльзень» (Чехия) командасымен сырт алаңда ойнайды. Ал екінші орындағы «Динамо Загреб» (Хорватия) «Балкани» клубы өз алаңында қабылдайды.

«Астана» плей-офф кезеңіне шығу үшін чехиялық команданы жеңуі керек, ал хорваттық клуб өз алаңында «Балканиға» жол беру керек болады.

Соңғы ойындар 15 желтоқсан күні өтеді.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №144

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС